



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ
ЗАҢНЫҢ ДЕҢГЕЙІНДЕ
«ПАРЛАМЕНТТИК
ОППОЗИЦИЯ» ҰҒЫМЫ
ЕНГІЗІЛЕДІ

4-бет



ЖОВТИСКЕ ЕРІП,
ЖОЛДА ҚАЛА
АЛМАЙМЫЗ...

10-бет



ЕРЛІК,
ЕСКІРМЕЙДІ

15-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№17-18 (887-888), 04.05.2020-11.05.2020жыл

МАҚТААРАЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚИЫН, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!



Мекемтас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

БАУЫРЖАН
МОМЫШҰЛЫ –
ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ
ӘСКЕРИ
ӘДЕБИЕТІНІҢ
НЕГІЗІН САЛУШЫ

Әскери әдебиет деп – әскери ғылым
түрлерімен бірге көркемөнердің
өзіндік ерекшелігіне орай пайда
болған көне заманнан бүгінге дейін
дамып, қалыптасу үстінде келе жатқан
рухани құбылыстың қомақты бір
саласын айтамыз.

8-9
бет



Мырзашөл халқының басына
төнген ауыр апатқа Президенттің
өзі араласпаса, жағдай қиындап
бара жатыр....
Астанадағы Сенат басшысы
орнынан кетіп жатқан шуға
мойын бұруға бір өңірдің ғана
шамасы болмай қалды...
Түркістан облысы Мақтаарал
ауданы ауылдарын тасқын су
басып, елордадағы шудан елдегі
судың қатері күшті болып тұр...
Қазірдің өзінде су тасқыны
орын алған 7 елдімекеннен яғни,
Жеңіс, Жаңатұрмыс, Жантаксай,
Фердоуси, Еңбекші, Нұрлытан,
Өргебас ауылдарынан 3115 ірі
қара, 1101 жылқы, 585 қой, 34
түйе көшірілген. Ал суға кетіп
өлген мал саны әзірге белгісіз
болып отыр. Бұл жұмыстарға
тасқын судың әлі де болса
тоқтамай тұрғаны қолбайлау
болуда.

6
бет



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА: ҚАЗАҚ ЕЛІ ҚАЙТСЕК КӨГЕРЕДІ?..

Бір жылдан асты, шамаңыздың келгенінше қазақ мемлекетін дұрыс басқаруға тырысудасыз.
«Коронавирус дағдарысы» басталғалы да аянып жатқан жоқсыз. Швеция, Беларусь секілді карантин
енгізбеген елдер де бар екендігін ескерсек, жұрт қатарлы біздің де одан шығарымыз хақ. Дағдарыстардың
жақсы жағы да бар – ол ерекше (неординарный) шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндігі.

5
бет



Ислам ӘБИШЕВ: САРДОБАҢЫЗ АПАТҚА АЙНАЛДЫ! ШАРДАРАМЫЗ ДА ҚАУІПТІ!

Кезінде Өзбекстандағы «Сардоба» су
қоймасының қауіптілігін, түбі апатқа
соқтыруы мүмкін екенін Үкіметке жазған
Ислам Әбішев енді Шардара су қоймасының
да қауіпті жағдайда екенін айтып, түрмеде
дабыл қағуда!

7
бет

МРАКОБЕСИЕ БЕССОВЕСТНЫХ ЛЮДЕЙ

Одиозный Central Asia Monitor на днях отличился двумя статьями:
«Языковой вопрос и новое противостояние: чем это чревато для
Казахстана?» Сауле Исабаевой от 30.04.2020 г. и «Бессмысленная
казахская война» Мади Алимова от 01.05.2020 г.
И о чем же статьи? Да о том же, что и раньше, ничего нового.
Пугают нас, казахов, что небосвод рухнет на нашу голову, все
полетит в тартарары, если, не дай бог, уберем то, что требуют
более 115 тысяч человек, подписавшие петицию за 1 месяц на эту
тему: 2-пункт 7-статья Конституции РК.

14
бет



ЕЛІМІЗДЕ ӘРДАЙЫМ БЕЙБІТШІЛІК БОЛСЫН!

Мемлекет басшысы қазақстандықтарды Жеңістің 75 жылдығымен құттықтады.

«Құрметті отандастар! Баршаныңды Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мерейлі мереке қанқұйлы! Бұл күйрете жеңіп, туған жерін қорғап қалған әкелеріміз бен аталарымыздың өшпес ерлігін дәріптейді. Қазақстандықтар қиын-қыстау кезеңде батырлық пен жанқиярлықтың жарқын үлгісін көрсетті. Майданға аттанған 1 миллион 200 мың азаматымыздың жартысы елге оралған жоқ. Ал, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Леонид Беда, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Иван Павлов,

Бауыржан Момышұлы, Сағат Нұрмағамбетов, Мәлік Ғабдуллин, Хиуаз Доспанова, Рақымжан Қошқарбаев және басқа даңқты батырларымыздың есімдері мәңгі есте сақталады. Соғыс жылдарында Қазақстанға көшірілген жүздеген өндірістік және өнеркәсіптік кәсіпорындарда мыңдаған отандасымыз еңбек етіп, Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосты. Әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанда өндірілген қорғасыннан құйылды. Ауыл халқы жауынгерлерді ұшқ-түлікпен қамтамасыз ету үшін аянбай тер төкті. Біз ержүрек аға буынның алдында мәңгі қарыздармыз. Олардың қайсарлығы мен төзімділігінің, табандылығы мен патриоттығының арқасында бейбіт заманда өмір сүріп, жарқын болашағымызға жол аштық. Биыл мереке күні өзгеше ахуалға тұспа-



тұс келсе де майдангерлердің ешбірі елеусіз қалған жоқ. Ардагерлерімізге мықты денсаулық және бақ-береке тілеймін! Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тыныштық болсын!», – деді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтауында.

АИДА БАЛАЕВА – ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРІ



Аида Балаева 2000 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін, 2007 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін бітірген.

1999-2002 жылдары – Алматы облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бас маманы, бөлім бастығы.

2002-2004 жылдары – Алматы қалалық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының талдау және қоғамдық-саяси үрдістерді үйлестіру бөлімінің бастығы.

2004-2005 жылдары – Алматы қаласы бойынша ақпарат басқармасы бастығының орынбасары.

2005-2008 жылдары – Алматы қаласының ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, директоры

2008-2010 жылдары – Астана қаласының ішкі саясат басқармасының бастығы.

2010-2014 жылдары – Астана қаласы әкімінің орынбасары.

2014-2019 жылдары – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі.

2019-2020 жылдары – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі.

«Құрмет» орденімен (2010), 2 медальмен марапатталған. Әлеуметтік ғылымдарының кандидаты.

МАҚТААРАЛДА МЫҢНАН АСТАМ ҮЙ САЛЫНАДЫ



Биылғы 2 мамыр күні Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасының жарылуына байланысты тасқын су Түркістан облысы Мақтаарал ауданының ауылдарын басып қалып, өңір халқы апатпен алысып жатыр. Мыңнан астам үй су астында қалды. Ел егісі мен малынан айрылды.

Түркістан облысы Мақтаарал ауданындағы су тасқынынан болған апатты жою үшін мемлекет басшысының тапсырмасымен Үкіметтік комиссия құрылды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Үкімет Өзбекстандағы су қоймасының апаты салдарынан баспанасынан айрылған Түркістан облысының азаматтары үшін мыңнан астам тұрғын үй салуға кіріседі», – деп мәлімдеді. Ол бұл туралы Твиттер желісінде жазды.

Еске сала кетейік, 3-мамыр күні «Қазақ үні» газеті порталында

ақын, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі Қазыбек Исаның: «МАҚТААРАЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚИЫН, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!» атты мақаласы жарияланды.

Онда: «350 мыңдай халқы бар қасиетті Мырзашөл халқының басына төнген ауыр апатқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі араласып, Үкіметтік комиссия құрылып, жәрдем бермесе, жағдай сәт сайын қиындап бара жатыр... Эвакуацияланғандар саны әлі де көбеюі мүмкін. Барлық үйінен, дүние-мүлкінен, егісінен, малынан айрылғандардың шығындарын нақты есептеп, мемлекет өтеп беруі керек!» деп жазған болатын.

Сонымен бірге Қазыбек Иса: «Өзбекстан Қазақстанның келісімінсіз, халықаралық келісім жасамай, талап сапай еміс жарамай, жерге қапсаңыз «Сардоба» су қоймасын салғаны және қатаң қауіпсіздік шарасын сақтамай, қойманың жарылғаны үшін жауапты. Сондықтан, олар Қазақстан шеккен шығындарды төлеуі керек», – деп атап көрсеткен еді.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев пен Өзбекстан Президенті Ш.Мирзияевтің келісімдерінен кейін

Мақтааралға өзбек елінен жәрдемге – 50 шақты ауыр техника мен 200 сарбаз жетті. «Бір өзеннің бойында қиыншылық пен жақсылықты да бірге көріп келеміз. Қолдан келгенше бар көмегімізді береміз», – еген өзбек басшысы сөзінде тұрды.

Мақтааралға еліміздің әр өңірінен көмектер келіп жатыр. Апаттың ауырын көрген арыстықтар бірінші жетті. Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстары азық-түлік пен киім-кешек, тұрмыстық заттарды жіберуде.

«Ақ жол» партиясы да шұғыл онлайн фракция отырысын өткізіп, Мақтааралға көмек қорын құрды. Кеше парламентте нұротандықтармен бірге депутаттық сауал жолдады. «Ақ жол» партиясы Ақтөбе облыстық филиалы Мақтааралға көмек керуенін жөнелтті.

«Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес» демекші, осындай ауыр кезеңде бәріміз қолдан келген көмегімізді аямайық ағайындар! Бір қиындықтың бір жақсылығы да болады, Мырзашөлде жаңа ауылдардың қоныс тойларын бірге тойлайық! Ел аман, жұр тыныш болсын!

«Қазақ үні»

МӘУЛЕН ӘШІМБАЕВ – ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

Мемлекет Басшысының Жарлығымен Мәулен Сағатханұлы Әшімбаев Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы болып тағайындалды.



Мәулен Әшімбаев 1971 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. 2016 жылы Тафтс университетін, Флетчер атындағы құқық және дипломатия мектебін (АҚШ) аяқтаған. Саяси ғылымдардың кандидаты. Халықаралық қатынастар магистрі. Университетті бітіргеннен соң 1993-1994 жылдары Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің жүйесінде жұмыс істеді.

1995-1999 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Сараптау және стратегиялық зерттеулер орталығының бас сарапшысы, осы орталық жетекшісінің бірінші орынбасары.

1999-2005 жылдары – Қауіпсіздік кеңесі Сараптау орталығының меңгерушісі.

2005-2006 жылдары – Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары.

2006-2011 жылдары – Қазақ-

стан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары.

2012-2018 жылдары – V, VI сайланған Қазақстан Республикасының депутаты, 2018-2019 жылдары – «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары. 2019 жылдың шілде-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі. 2019 жылдың 18-желтоқсаннан бері Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары болып қызмет атқарған.

Қазақ руханиятында өшпес із қалдырған қаламгер-қайраткер, көрнекті сыншы, ұлттық мүддені қорғап өткен Сағат Әшімбаевтың ұлы Мәулен Сағатханұлына еліміздегі екінші лауазым болып табылатын жоғары қызметінде зор табыс тілейміз.

ӘУЕ ҚАТЫНАСТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛЕ БАСТАДЫ

Қазақстанда ішкі әуе рейстері жанданып, бірінші рейс 1 мамырда Алматыдан елордаға ұшты. Енді еліміздегі облыс орталықтары арасындағы әуе байланысы да біртіндеп қалыпты жағдайға көше бастамақшы.

Коронавирус қауіпі әлі де толықтай сейілмегендіктен, ұшар алдында жолаушыларды эпидемиологиялық қызмет мұқият тексеріп, дене қызуын өлшейді, COVID-19-ға жасаған тест нәтижесі көрсетілген анық-

тама талап етіледі. Дәл осындай тексеріс рейске тіркеу кезінде және тексеру аймағында да жүргізіліп жатыр. Бірақ жолаушылар тарапынан айтылар арызда да аз емес. Тестілеуді ақылы жасау олардың қалтасын 16 мыңға жұқартып жатқаны айтылады. «Тестілеу препараттары шетелден көмек ретінде тегін келсе де оны қолдану неге ақылы?» деген заңды сұрақтар қойылып жатыр. Оған қоса Алматы әуежайының түріктердің компаниясына шығу да көпшілікті аландатып отыр.

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ – ИГІ ІС

Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісі.

Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Инклюзивті бағыт дамуында кемістігі бар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытта жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан білім ордаларының бірі – Алматы қаласындағы №83 мектеп гимназиясы. Инклюзивті білім беру барысында мектебіміздегі әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып арнайы бағдарлама жасалды. Қазіргі уақытта гимназиямызда инклюзивті 9 сынып, 10 оқушы бар. Олардың әрбірінің эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейіне қарай, әрқайсысымен жеке-жеке коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдау және әлеуметтік дағдыларды игеру бойынша жұмыс жүргізілуде. Біз өз кезегінде, маман ретінде инклюзивті білім беру жұмыстарын заман талабына сай жүргізе отырып, осы бағытта білім алып отырған оқушылардың бойындағы кедергілерді жоюға, әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік туғызып келеміз. Бұл тұрғыда ата-аналармен арадағы тығыз қарым қатынастың септігі зор екенін айтуға тиіспіз.

Әйгерім ШУБЕК,

№83 гимназияның педагог-дефектологы

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНЕ ЗОР ҚАУІП ТӨНІП ТҰР!

АШЫҚ ХАТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА



Қазақ баспасөзі мерзімді басылымдарының онлайн дөңгелек үстеліне қатысқан басшыларының ашық хаты.

Қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Қазақ тілі қазақ халқының жаны болса, қазақ баспасөзі оның қозғаушы күші. Осы аптада сіз «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатыңызда «Ұлттық қауіпсіздік тілімізді құрметтеуден басталады» деп Тілімізді саясат төріне шығардыңыз. Бұл перзенттік үніңіз ұлт жанашырларының тебіренгіті, үмітімізді оятты. Иә, ұлттық мүдде сынға түскенде ең алдымен шырқырап ара түсетін де, жазатын да, тілін де қорғап жүрген Қазақ баспасөзі екенін сіз жақсы білесіз. Сондай-ақ ол билік пен халық арасындағы алтын көпір ретінде де маңызды рөл атқарып келеді. Ұлттық идеологияның, елбасымыздың «Рухани жаңғыру» «Ұлы даланың жеті қалыры» бағдарламалық мақалаларының, өзіндік халыққа жолдауыңыздың өмір өзегіне айналуына, мемлекетіміздің гүлденуі мен өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Қазақ баспасөзінің жағдайы қазір аса мән емес. Бәлкім, сіз бұл жағынан бейхабар боларсыз. Бірақ ащы шындық солай. Мұның себеп-салдары сан алуан. Әсіресе, әлемді Коронавирус індеті жайлағалы бері, сондай-ақ дағдарысқа байланысты Қазақ баспасөзіне қауіп одан сайын күшейе түсті. Себебі біздің елімізде төтенше жағдай, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және республикамызда жаппай карантин жарияланды. Осы төтенше жағдай кезінде халқыңызға мәлімдемелер жасап, көптеген шараларды жүзеге асырдыңыз. Қарапайым бұқара алғысын айтып жатыр. Жақында жасаған кезекті мәлімдемеңізде елге тек әлеуметтік жағынан ғана емес, рухани қолдау көрсеттіңіз. «Халыққа жедел және шынайы ақпарат беріп жүрген журналистер қауымына алғыс айтамын» дедіңіз. Бұл да болса бізге зор деп меу. Енді қазақ баспасөзіне төніп тұрған қауіптерге тоқталайық. Біздің күнкөрісімізді Баспасөзге жазылу, одан кейін мемлекеттік тапсырыстар (Министрліктерден, облыстардан) түзір бұл жолды жабылғанды. Қазір бұл аштық айдан аштыққа ауып кетті. Әзірге қазып жазылу науқаны сәуір айында басталды. Бұл науқан тоқтап тұр. Яғни пандемиядан кейін қазақ газет-журналдардың

жағдайы қаржылық жағынан одан сайын қиындайтыны сөзсіз. Төменде дөңгелек үстелге қатысушылар осындай көкейтесті мәселелерді сарайлап, талқылап, селздік назарыңызға ұсынып отырмыз. (Дөңгелек үстел 20 ақпанда («Qazaqstan dauiri» №8) өткенмен қатыспай қалған мерзімді басылымдардың басшыларымен онлайн байланыс арқылы жалғасты <https://qazdauri.kz/?p=16721>).

Соңғы жылдары барлық мерзімді басылымдардың жазылу таралымы әртүрлі себептермен күрт азайды («Егемен Қазақстаннан» басқа). Ғаламтор, әлеуметтік желі әсерлерін айтып жатқан соңғы кездері әкім-қаралар, мектеп директорлары «Біз ешкімді күштеп жаздырта алмаймыз» деген желеу айтуы салдарынан мерзімді басылымдарға теріс қозқарал қалыптасты. Баспасөзді оқымау ол нағандыққа бей-жай-лылыққа, рухани жаңғырмауға, сауатсыздыққа деген тікелей жол салу деп білеміз. Өркениетті, дамыған мемлекеттерде мұндай теріс көзқарас мүлдем жоқ. Оларда газет, журнал оқу мәдениеті әрқашанда жоғары. Қазір ақпаратқа деген халықтың сұранысы артып отыр. Мерзімді басылымдарға қаржылай және рухани жағынан олар қамқорлық жасап отырады. Ол мәселені шетелдерде көп зерттеген сіз жақсы білесіз. Біз мерзімді басылымдардың таралымын көбейтудің бірнеше жолдарын ұсынамыз.

Басылымдардың, соның ішінде қазақ газет-журналдарының таралымын көбейтуге еліміздегі кітапханалар жүйесі айрықша ықпал етеді. Нақты санын айтар болсақ, 11 мыңдай кітапхана бар. Оның сыртында мектептерде де 7 мыңдай кітапхана жұмыс істейді. Оларға қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарды жаздырып алуға бөлінетін қаржыны көбейту керек. Бір-бірден жазылғанның өзінде тек кітапханалар жүйесі арқылы таралымымыз 18 мыңға жетер еді. Осы мәселеге өзіңіз тікелей ықпал еткеніңізді қалаймыз.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жанынан «Ақпараттық-сарапталық комиссия» құрылса, жөн болар еді. Сонда ол комиссия бізбен тікелей жұмыс істер еді.

Тәуелсіз басылымдар мемлекеттік тапсырыстан әрқашан тыс калады. Бұл басылымдарға мемлекет қаржысымен шығару жолы ашық болса, бұл мемлекеттік тапсырыстар (Министрліктерден, облыстардан) түзір бұл жолды жабылғанды. Қазір бұл аштық айдан аштыққа ауып кетті. Әзірге қазып жазылу науқаны сәуір айында басталды. Бұл науқан тоқтап тұр. Яғни пандемиядан кейін қазақ газет-журналдардың

дотация беру жағын қарастыруға ықпал етсеңіз дұрыс болар еді. Облыстардан, министрлік тарапынан тапсырыс көлемі арттырылса және ол конкурстан тыс болғаны жөн. Ол сонда бүгінде қиындық қыспағында қалған қазақ басылымдарына оң ықпал етері даусыз.

Кенес өкіметі кезінде мерзімді басылымдар арнайы ғимарат орындарымен қамтамасыз етілді. Мәселен, республикалық деңгейде «Дәуір кешенді баспасы» үйі болды. Онда газет-журналдардың редакция ғимараты, арнаулы баспа-хана, спорт залы, мәдениет үйі бар болатын. Жекешелендіру кезінде республикалық басылымдардағы журналистердің мандаты қаржы-сыруналыстың қашағын кәсіпшілік болып кетті. Сондықтан, да бұл мәселе қайта қаралып, өздеріне қайтарылуы қажет. Немесе жаңа Кешенді Баспасөз үйі Алматы қаласында бой көтерсе күба-құп болар еді. Осыған ықпал етуіңізді сұраймыз.

Газет-журналдарды таратуға «Қазпошта» қызметі айрықша үлесін оқиды. Өкінішке орай, бүгінде оның жер-жердегі мыңдаған бөлімшелері дұрыс жұмыс істей алмай отыр. Пошта тасушылардың еңбекақылары мүлде төмен. Айлық жалақысы 20-30 мыңнан аспайды. Соның көлемін ұлғайту үшін аудандардағы пошта қызметкерлерінің еңбекақысын жергілікті бюджетке енгізген өте дұрыс жол болар еді. Сонда олар ауыл әкімдігінің құрамындағы қызметкерлер қатарына еніп, үкіметтік пошта жұмысын кенес күніндегідей қалыпқа келтірер еді.

Газет-журналдарға салынатын қосымша құн салығы мүлде алынып тасталғанды да біздің етуді. Сондықтан осы мәселені де күн тәртібіне қойсаңыз.

Қазір газет-журнал сата-тын дүңгіршіктер жұмыс істемейді. Тіпті, Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларының өзінде де дүңгіршіктер жоқтың қасы. Осы мәселені де назарға алып, министрлік тарапынан іс қозғауға ықпал етуіңізді сұраймыз.

Елімізде Ресейлік БАҚ-тар үлес салмағы басым. Жеке мемлекет ретінде олардың жұмысын тоқтатып немесе мейлінше шектеу қажет. Олар біздің мемлекетімізде ұлттық-ақпараттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретіні сөзсіз.

Міне, көріп отырсыз, бұл айтқан мәселелер мемлекетке аса көп жүк, ауырлық түсірмейді деп ойлаймыз. Тек бізге деген ниет, ықылас түзелсе бәрі де жүзеге асатын мәселелер. Бізге де қаржы табуға жайналасуға зор мұғамдық туар еді. Сөйтіп еліміздің даму деңгейін арттыруға, экономикалық және рухани жағынан гүлденуіне, өркендеуіне біз барынша үлес қосар едік.

Зор құрметпен:

1) Сәуле Мешітбайқызы, «Qazaqstan dauiri» ЖШС бас директоры, ҚР Еңбегі сіңген қайраткері

2) Мағира Қожахметова, Балалардың республикалық

«Бал-бұлақ» журналының, «Дертке дауа» медициналық-танымдық, республикалық газетінің бас редакторы

3) Марат Тоқашбай, «Президент және халық» газетінің бас редакторы, Қазақстанның педагогикалық ғылым академиясының академигі, профессор

4) Талғат Айтбайұлы, республикалық «Жыл – он екі ай» журналының Бас редакторы, Ұлт қайраткері

5) Досымбек Өтеғалиев, «Зан» медиа корпорациясы, ЖШС басшысы, («Зан» газеті, «Юридическая газета»)

6) Ертай Айғалиұлы, халықаралық «Qazaqstan dauiri» газетінің бас редакторы, Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі

7) Қали Сәрсенбай, «Алматы ақшамы» газетінің бас директоры, бас редакторы, Алматы қаласы мұхихатының депутаты, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Президент сыйлығының лауреаты

8) Қымбат Әбілда, Республикалық «Айгөлек» журналының автор-редакторы, ҚР Мәдениет қайраткері, Түркі әлемінің ақпарат саласының үздігі

9) Дәурен Қуат, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен түркі халықтарының М.Қашақри атындағы сыйлығының лауреаты, «Ақпарат саласының үздігі» медалінің иегері

10) Қазыбек Иса, «Қазақ үні» газетінің Президенті, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Халықаралық сыйлықтың лауреаты, «Парасат» және «Құрмет» орденінің иегері, ЮНЕСКО Әлемдік өнер және мәдениет академиясының академигі, ақын

11) Срайтұл Смайыл, «Jas qazaq» газетінің бас редакторы, ҚР Президентінің БАҚ саласы бойынша сыйлығының лауреаты

12) Болат Батыр, Республикалық «Үш қоңыр» газетінің бас директоры, бас редакторы

13) Нурлыбек Саматұлы, Республикалық «Таңшолпан» әдеби-көркем көпшілік журналының бас редакторы, жазушы

14) Шолпан Ұғыбайқызы, «Ақ босаға» газетінің құрылтайшысы, бас редакторы, «ҚР Президенті жанындағы Отбасы және демографиялық саясат комиссиясы ұйыған «Әйел басқарған үздік кәсіпорын» басшысы, ҚР мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасы, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісінің, ҚР Журналистер Одағы Н.Құлжанова атындағы сыйлығының иегері, Қазақ-танымдық Құрметті журналисі

15) Саят Қамшыгер, «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы, «Серпер» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі.

■ Dúbirli Dúnie

ЛУКАШЕНКО БИЛІКТЕН БАС ТАРТПАЙДЫ

Беларусь парламентінің төменгі палатасы елдегі президент сайлауын 9-тамызға белгіледі. Заңға сәйкес, Беларусь елінде сайлау президент өкілетінің аяқталуына екі ай қалғанда өтуі тиіс. Құқық қорғаушылар коронавирус пандемиясының байланысты дауыс беруді қашықтан ұйымдастыруды ұсынған. Бірақ ОСК бұл ұсынысты қабылдамай тастады. Елдегі сайлау коронавирусы тарап жатқан тұста өтпек. 7-мамырдағы мәліметке сай, Беларусь елінде қазір 20168 адамға вирус жұққан. 9,5 миллион халқы бар Беларусь елін 1994 жылдан бері Александр Лукашенко басқарып келеді. Ол бес рет президент болып сайланған. 2004 жылы референдум өтіп, онда президенттің сайлауға түсуіне шектеу алынған еді. Бұған дейін Лукашенко тағы да сайлауға түсетінін жариялаған болатын.

МИНСК «МӘНГІЛІК ПОЛК» ШЕРУІНЕ ТИЙІМ САЛДЫ

Минскінің қалалық атқару комитеті үш қоғамдық ұйымға 9-мамырда «Мәңгілік полк» шеруін өткізуге рұқсат бермеді. 5 мыңға жуық адам қатысады деп жоспарланған акцияны үш қоғамдық ұйым өткізбек болған. Қалалық атқару комитетінің түсіндіруінше, эпидемиологиялық ахуалға байланысты қалада шеру өткізуге болмайды. Комитет өкілдері рұқсат етілмеген акция өткізетіндердің әкімшілік жауапқа тартылатынын да ескертті. Дегенмен 9-мамырда Минскіде әскери парад өтеді, кешкісін Жеңіс алаңында концерт болады. Беларусь билігі вирус жұқтырғандар саны артса да елде карантин жариялаудан бас тартып отыр. Президент Александр Лукашенко бұған дейін де «Мәңгілік полк» акциясын өткізуге қарсы екенін айтқан. Ол 2019 жылы «Біз неге «Беларусь есінде» («Беларусь помнит») шеруін ысырып, «Мәңгілік полкке» ұмтылуымыз керек?» деген еді.

СААКАШВИЛИ ӨЗІНЕ ОРЫН ТАПТЫ

«РБК Украина» агенттігінің мәліметінше, Реформа бойынша ұлттық кеңес 2014 жылы құрылған және президент жанындағы кеңесу органы саналады. Бұған дейін Саакашвили Зеленский өзіне премьердің реформа бойынша орынбасары қызметін ұсынғанын айтқан. Бірақ бұл ұсыныс Зеленскийдің партиясы «Слуга народа» фракциясы ішінде сынға ұшыраған, Грузия да бұған қарсылық білдірмек болған. Тбилиси Киевтен Саакашвилидің экстрадициясын талап етіп келеді. Грузияда 2004-2013 жылы президент болған саясаткерге бұл елде бірнеше қылмыстық іс қозғалған, оның ішінде қызметін асыра пайдаланды деген айып та бар. Ақпарат агенттіктері Саакашвилиді Украинада премьер-министрдің орынбасары қызметіне тағайындауға Радада дауыс жетпегенін жазған-ды. Есесіне енді реформа бойынша ұлттық кеңесті басқаратын болады.

АЗАТ ПЕРУАШЕВ: КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНЫҢ ДЕҢГЕЙІНДЕ «ПАРЛАМЕНТТІК ОППОЗИЦИЯ» ҰҒЫМЫ ЕНГІЗІЛЕДІ



Мәжіліс депутаты Азат Перуашев парламенттік оппозицияға қандай құқықтар беру ұсынылып отырғанын айтты, деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі. Бүгін мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасы Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы конституциялық заңына толықтыру енгізу туралы» конституциялық заңның жобасы талқыға салынды.

Азат Перуашевтің айтуынша, заң жобасының мақсаты – оппозиция өкілеттілігі мен заңнамалық тұрғыдан «парламенттік оппозиция» туралы ұғымын енгізу, құқықтық кепілдіктер беру.

«Конституциялық заңның деңгейінде «парламенттік оппозиция» ұғымы енгізіледі. Заңдағы басқа нормалармен парламенттік оппозициямен мына құқықтық кепілдіктер беріледі: парламенттік тыңдауда сессиясына 1 реттен кем емес мемлекеттік және қоғамдық өзекті мәселелерді талқылауға ұсынуға, парламенттегі үкімет сағатында сессиясына 2 реттен кем емес күн тәртібін анықтауға,

зидия өкілеттілігі мен заңнамалық тұрғыдан «парламенттік оппозиция» туралы ұғымын енгізу, құқықтық кепілдіктер беру. «Конституциялық заңның деңгейінде «парламенттік оппозиция» ұғымы енгізіледі. Заңдағы басқа нормалармен парламенттік оппозициямен мына құқықтық кепілдіктер беріледі: парламенттік тыңдауда сессиясына 1 реттен кем емес мемлекеттік және қоғамдық өзекті мәселелерді талқылауға ұсынуға, парламенттегі үкімет сағатында сессиясына 2 реттен кем емес күн тәртібін анықтауға,

оппозиция келіспейтін үкімет заң жобаларына балама заң жобасын ұсыну және тағы басқа», – деді ол.

Сонымен қатар, депутат парламенттік оппозиция өкілдеріне ресми жиындарға қатысуға мүмкіндік берілетінін жеткізді.

«Конституциялық заңның кепілдігімен оппозиция фракциясының басшысына немесе өкіліне Парламенттің біріккен отырысы, Мәжілістің жалпы отырысы, комитет отырысында, жұмыс тобына, парламент тыңдауларында және Парламент қабырғасында өтетін басқа барлық шарада сөз сөйлеуге мүмкіндік беріледі. Бұл – жалпы маңызды саяси реформа екенін көрсетеді. Оппозицияға, балама көзқарас иесіне өз ойын халыққа жеткізуге мүмкіндік беріледі», – деді Перуашев.

Депутаттың пікірінше, оппозиция қоғамды алаңдататын проблемаларды көшеде емес, парламент қабырғасында көтеруі қажет.

Осы орайда мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин өз пікірін білдірді.

«Енді заң бойынша парламенттік оппозиция кемінде бір рет осы біздің парламенттік тыңдауға бастамашы болуға мүмкіндік пен кепілдік береді. Мұндай бұрын болмаған. Енді біз оны заң бойынша енгізіп отырмыз», – деді ол.

Заң жобасын мәжіліс депутаттары бірінші оқылымда мақұлдады.

АҚ ЖОЛ» АЛҒАШҚЫ МИЛЛИОНЫН АУДАРДЫ

«Ақ жол» партиясы өткен парламенттік фракция жиынын Түркістан облысы Мақтаарал ауданындағы су тасқыны мәселесіне арнады.

«Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев жүргізіп отырған жиында алғашқы сөз алған партияның Орталық Комитеті хатшысы Арман Сқабыл: «Түркістан облысы Мақтаарал ауданындағы су тасқыны болғанын бәріміз білеміз. Кеше әріптесіміз, белгілі ақын Қазыбек Исаның «МақтааралДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚИЫН, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!» аты мақаласын оқып көп нәрсеге көз жеткіздік. Жағдай біз ойлағаннан көп ауыр екен. Сондықтан, бұл мәселе бойынша депутаттық сауал жасасақ деп ойлаймын», – деді.

Мақтааралдағы жағдай туралы «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары Қазыбек Иса сөйледі: «Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасының жаруына байланысты тасқын Түркістан облысы Мақтаарал ауданының ауылдарын басып қалды. Кеше ғана кешке 22 мың адам эвакуацияланып еді, бүгін 32 мыңға жетті. Мен арнаулы штабқа, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Тұрғанбек Оспанға хабарласып соңғы мәліметтерді алып отырмын. Тікұшақпен түсірілген видеоны көру қорқынышты – Мырзашөл айдан айналды, даланы басқан су төлегей теңіз болып жатыр. Кеше Арман Сқабылұлы айтқан мақаланы жариялағанда, бұл видеоларды да салдық. «Мырзашөл халқының басына төнген ауыр апатқа Президенттің өзі араласпаса, жағдай қиындап бара жатыр...», – деп жаздық. Президентке рахмет,

бүгін Мақтааралға көмек көрсету үшін Үкімет комиссиясы құрылды.

Азат Тұрлыбекұлы, өзінің хабарласып, депутаттық сауал жасау туралы ұсыныс жасады. Арекең де осыны айтып, қолдап отыр, рахмет!

Быттыр Арыс апаты болғанда ертеңіне Азеке, өзіңіз бастап ұшып барып едік. Енді мынау карантин жолымызды байлап отыр. Бірақ сол кезде Арыс апатына байланысты депутаттық сауал жасап, партияның көмек қоры құрылғандай, есепшот ашып, филиалдарымыз мүмкіндіктеріне қарай көмек қолын созса деп отырмыз.

Мақтааралдағы жағдай бір өңірдің ғана емес, еліміздің басына түскен, сондықтан еліміз болып бірге көтеріп алатын ауыр сынақ! Ең бастысы, қиын жағдайға тап болған Мақтааралдықтардың баспаналары мен дүние-мүлкі, малы мен егісі нақты есептеліп, мемлекет шығынды өтеуі керек болып тұр. Мәжіліс депутаттары Дүйсенбінің те Мақтааралдықтардың жағдайына байланысты депутаттық сауал жасауды қолдады.

Азат Перуашев ең алдымен Үкіметке шұғыл хат жазып, депутаттық сауал жасау керек деп тұжырымдады. «Ақ жол» партиясы ашатын Мақтааралдықтарға көмек қорына бастама ретінде алғашқы бір миллион теңгені бірден аударуға тапсырма берді. Тарихы терең Мырзашөлде жер еміп ескен, маңдай терден маржан төгіп шөлстанды гүлстанға айналдырған еңбекқор Мақтааралдықтарға қасиетті Рамазан айында Алла жар болсын!

Біз сіздермен біргеміз! Ақ жол!

«Қазақ үні»

ҮКІМЕТТІК КОМИССИЯДАН ӘДІЛДІК КҮТЕМІЗ ФРАКЦИЯЛАР ҮКІМЕТКЕ БІРЛЕСКЕН САУАЛ ЖОЛДАДЫ



Мақтааралдағы жағдайға байланысты фракциялар Үкіметке бірлескен сауал жолдады.

Қазақстан Республикасының Премьер – Министрі А.Ұ. Маминге ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Біздің, «Nur Otan» партиясы фракциясының және «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясының бір топ депутаттарының депутаттық сауалына себеп болған Түркістан облысы Мақтаарал ауданында су тасқыны салдарынан орын алған техногенді төтенше жағдай.

Баршаңызға белгілі болғандай Өзбекстан Республикасының аумағында орналасқан «Сардоба» су

қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан Мақтаарал ауданының бір қатар елді мекендері су астында қалды.

Бүгінгі таңда ресми деректер бойынша ауданның 10 елді мекені, 800-ден аса тұрғын үйлері, 3 мектеп, 5 балабақша, 4 медициналық нысандары су астында қалып, 31 мыңнан астам тұрғын эвакуацияланды. Қазірдің өзінде, көктем кезінде еңбегі жанатын диқан-фермерлердің 7600 гектарға жуық аумақтағы дақылды егін алқабын су басты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев су басқан ауылдардың тұрғындарына жан-жақты материалдық көмек көрсету туралы Үкіметке тапсырма беріп, Түркістан облысының бірде-бір тұрғыны назардан тыс қалмайтынын айтты.

Президент тапсырмасын орындауда Үкімет жедел шаралар қабылдады. Апаттың алғашқы күнінен бастап өңірде жедел штаб құрылды. Үкімет жанында елді мекендерді су басу салдарын жою жөніндегі құрылған Үкіметтік комиссия залалдың салдарын жедел бағалап, инфрақұрылымды қалпына келтіру жұмысына кіріседі. Су тасқынынан жапа шеккен халыққа барлық қажетті көмек көрсететініне сенеміз. Және өз тарапымыздан қабылданып отырған шараларға ұсыныс айтуды жөн санадық.

Осы орайда, Үкіметтік комиссия су алған тұрғын үйлерге келген залалды бағалауда тек үйдің салынған материалына ғана емес үйдің текше метрлік көлемі мен тұрғындар санын негізге алуын сұраймыз. Кейбір

тұрғындардың өз мүліктерін рәсімдеп үлгер-мегендері де болады. Осы жағдайды ескеру қажет.

Жер асты суларының жақын орналасқанын ескере отырып, су басқан жерлерді бабына келтіру мақсатында дренаж жүйелерін қолдануды және қашыртқыларды іске қосу қажет деп санаймыз.

Диқандарға егінді қайта егуге қолдау жолдарын қарастыра отырып, оның ішінде ауыл шаруашылық техника, жанар-жағармаймен қамтамасыз ететін және оларға егістік алқаптарда уақытша паналайтын мүмкіншілік жасау керек. Сонымен бірге, диқандармен ақылдаса отырып, қысқа мерзімде өнім беретін дақылдарды егуді және оған керекті тұқымдарды жеткізіп беруді және кейін алынған өнімнің сатылуына байланысты шараларды іске асыру керек деп санаймыз.

Қазіргі карантин жағдайын ескере келе, тұрғындарға медициналық көмек беру мәселесіне аса жоғары мән беруді жөн деп есептейміз.

Біздің, «Nur Otan» фракциясынан ертеректе жолданған бірқатар депутаттық сауалдарымызда суармалы сумен қамтамасыз ету және су реттегіштердің сын көтермейтін жағдайы туралы айтылған болатын. Бүгінгі орын алған апаттық жағдайда олардың су өткізу қабілеттілігі төмен болғанын көріп отырмыз. Сонымен қатар, сол алқаптағы қашыртқылардың уақытылы тазаланбағаны сал-

дарынан қоқысқа толып, жарамсыз болғаны тасыған судың өтуіне кедергі жасауы, жағдайдың өршуіне әкеліп соғып отыр. Осы ретте, су құрылымдарының жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ету керек.

Жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес беруді сұраймыз.

Құрметпен,
«Nur Otan» партиясы

фракциясының

Мүшелері:

Қ.Ержан

Е.Бектұрғанов

М.Ерман

Ф.Мыңбай

Д.Қаратаев

З.Аманжолова

«Ақ жол» партиясы

фракциясының

мүшелері:

А.Перуашев

Е.Никитинская

К.Баратаев

Б.Дүйсенбинов

Д.Еспаева

М.Казбекова

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қазметі

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА:**ҚАЗАҚ ЕЛІ ҚАЙТСЕК КӨГЕРЕДІ?..****Құрметті Президент мырза!**

Бір жылдан асты, шаманыздың келгенінше қазақ мемлекетін дұрыс басқаруға тырысудасыз. «Корона-вирус дағдарысы» басталғалы да аянып жатқан жоқсыз. Швеция, Беларусь секілді карантин енгізбеген елдер де бар екендігін ескерсек, жұрт қатарлы біздің де одан шығарымыз хақ. Дағдарыстардың жақсы жағы да бар – ол ерекше (неординарний) шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндігі. Соның үлгісі ретінде әдетте Ф.Рузвельттің АҚШ-ты «Ұлы депрессиядан» шығару үшін социализм идеяларын қолданғаны айтылады. Ал, 30 жылда «Кувейттен де бай тұратын» ел болудың орнына, көбі кредитке кіріп кеткен, күні сол «кредитке алатын екі сиырға» қарап қалғандай күй кешіп отырған ұлтымызға соны шешім, шалт қимыл өте-мөте қажет. Сол тұрғыдан келгенде Сіздің әрбір ісіңіз ең ішінші ұлтқа айналған қазақтың рухын көтеруге, сол арқылы оны жұдырықтай жұмылдыруға, елдің халқын қазақтың айналасында ұйыстыруға, дәл сонымен бір мезгілде экономикада түбегейлі өзгеріс жасауға бағытталса екен. Бұны қарапайым қалың қазақтың Сізге деген тілегі де, қояр талабы да, билікке деген соңғы үміті де деуге болады. Соған септігі тиер деген оймен бірнеше ұсыныстарыңыз да қазақша мақалдап сөйлейтін болады.

Бірінші. Қазақ тілін шын мәнінде мемлекеттік тілге айналдырыңыз.

Ол үшін тіпті ешқандай сөздің қажеті жоқ – **алдыңызға келген құжатты қазақша дайындап әкелмесе, үн-түнсіз кейін қайтара беріңіз. Және барлық жиында тек қазақша сөйлеңіз.** Қысылмаңыз, ешкім Сізге күлмейді. Бір жылдың ішінде өзіңіз де, бас маманнан бастап бас министрге дейін барлық әкім-қараңыз да, банкир менен соттарыңыз да қазақша мақалдап сөйлейтін болады.

Екінші. Кешірілмес ауыр қылмыс істеген және кәнігі (рецидивист) қылмыскерлерден басқаның бәріне, Арон Атабектен бастап Әкежан Қажыгелдинге дейін жаппай амнистия жариялау.

Олар талантты, тәжірибесін, білімі мен қаржысын, қысқасы, бәрін-бәрін Қазақстанның игілігіне жұмсауына мүмкіндік алсын

және міндетті түрде диспансерде тексеріліп, ауырғаннан үш ай денсаулығының кем-кетігін жөнге келтіріп шығыңыз.

Үшінші. Арнайы Үндеу жариялап, шетелде жұмыс істеп жүрген ғалымдар, бизнесмендер мен білікті мамандардың бәрін елге шақыру керек. Оларға дәл сол шетелдегідей жағдай жасалынатын болуы тиіс. Кезінде Сталин Англиядағы Петр Капцианы СССР-ге шақырғанда, атақты академик:

«Мен барсам, лабораториямен (біздегі институт деңгейінде) баруым керек, бір өзім барғанда не бітірем?» – деген соң, Кеңес өкіметі оның лабораториясын да сатып алған. Бұл ретте сондай-ақ 1982 жылы Конституциясына арнайы өзгеріс (50-бап) енгізген қытай тәжірибесінен де үлгі алсақ болады.

Төртінші. Еліміздің аумақтық құрылымы мен олардың атауы өзгертілсін. Енді онда 17 аймақ: 1. Жетісу, 2. Өр Алтай, 3. Семей, 4. Баянауыл, 5. Көкшетау, 6. Сары-Арка, 7. Ұлытау, 8. Солтүстік Қазақстан, 9. Қостанай, 10. Ақтөбе, 11. Ақ Жайық, 12. Атырау, 13. Маңғыстау, 14. Ақмешіт, 15. Торғай, 16. Түркістан, 17. Тараз аймағы және Астана, Алматы және Шымкент қаласының әкімдігі, барлығы 20 әкімдік құрылсын. Қазақи мәйекті үш аймақпен қатар, 1990-жылдары екі желеу, бір сылтаумен таратылып жіберілген барлық шекаралық аудандар да шұғыл түрде түгел қалпына келтірілсін.

Бұндай игі шара сондағы қалың елдің рухын көтерері сөзсіз! Ал, рухы көтерілген ел, «жауды көрген Саржан менің көз алдымда рұхтанып, денесі зорайып бара жатты, оның өзімен аруағы зор екенін мойындамаса амалым қалмады» деп Ақжолтай Ағыбай батыр еске алғандай, рухы жоғары елді жеңе алған күш.

Бесінші. Сырттағы 10 млн.-ға жуық қандаспымыздың жағдай жасасақ ертең келуге дайын **5 миллионын алдағы 5 жылда әкеліп орналастыру – бүгінгі биліктің тікелей міндеті де, отеллес бопышы да!** Мен 2005 жылы Ораз Жандосовтан сұхбат алғанымда, ол сол кездің өзінде: «Өмеке, для правительства это не проблема, нужна только политическая воля!» деген болатын...

Бұл жерде тәуелсіздік ал-

ған Алжирде қазып кеткен 6 млн. француз азаматтың елге әкелу үшін президент Шарль де Голль 1968 жылы арнайы министрлік құрып, 2 жылдың ішінде оларды әкеліп, баспанмен де, жұмыспен де қамтамасыз еткенін айта кету керек. Біз де мәселенің шешуін жеңілдету үшін Ресей және Өзбекстанмен диаспора алмасуымызға әбден болады.

Алтыншы. Әліппе – өркениет дамуының ең негізгі көрсеткішінің бірі! Әлемде бар-жоғы 15 шақты ғана әліппе бар. Ендеше, бұдан 2-3 мың жыл бұрын ата-бабаларымыздың өз жазуы болуы – олардың даму деңгейі қандай биікте болғанының бұлтартпас дәлелі. Сондықтан, ұлттың езілген еңесін тіктеп, жаншылған рухын көтергіміз, отансүйгіштігін оятып, жас ұрпақты патриотизмге баулығымыз келетіні шын болса – төл жазуымызға, ойма (руна) әліппесіне көшкеніміз жөн. «Өлі разы болмай, тірі байымайды», төл жазуды тірілтсек әруақтар бізге риза болып, әрбір ісімді қолдап, жебеу отыр еді! **Нағыз «Рухани жаңғыру» дегеніміз – осы! Израилдің бүгінгі деңгейге жеткеніне 1948-жылы өлі иврит тіліне қайта жан кіргізгені де себепкер болғаны сөзсіз.**

Ойма жазуға қайта оралу негізі 2000-жылдардың басында Білім министрлігі тарапынан қолға алынған да еді. Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу аулындағы Б.Нұрлыбеков атындағы мектептің ұстазы Ботакөз Мошқаловада төл әліппеміздің бір ізге түскен жүйесі, қалай оқытудың әдістемесі, шақирттерінің ғылыми еңбектері де тұр.

Жетінші. «Қазақмыс» секілді жекешелендіріліп кеткен барлық қазба байлық өндіруші өндіріс ошақтарын мемлекет меншігіне қайтарып алу, сонымен қатар мұнай өндіретін қытай компанияларымен және еліміздегі мұнайдың 60 пайызын өндіріп отырған Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарында «Өнімді бөлу туралы келісіміне» (ӨБК) сәйкес бізбен өздері ғана емес, мердігер компаниялары да қосымша құн салығы мен кедендік бажды төлеу (т.б.) секілді ақылға сыймайтын, нағыз қарақшылық шарттармен жұмыс істеп келе жатқан осы үш компаниямен келісімді қайта жасау қажет. Бұл – қиын

шаруа, бірақ, ықылас-ынға болса, адам баласының алмайтын қамалы жоқ. (Ресей «Шеллмен» келісімді қайта жасамай-ақ, заңнамалық және ұйымдастырушылық шараларды іске асырғанының арқасында Сахалиндегі кен орынын өзі қойған шарт бойынша қайтарып алды). Келісімге көнбесе, мемлекет меншігіне қайтару қалады.

Сегізінші. Мемлекет биыл ауылдағы шамамен 1 миллионға жуық қазақ отбасының ішіндегі ең әлеуметтік жағдайы нашар 40 мың отбасының әрқайсысына арнайы мақсатпен 50 саулық қойды (немесе 50 мың отбасыға 40 қойдан) орташа есеппен 50 мың теңгеден сатып алу үшін, барлығы 2 млн. саулыққа 100 млрд. теңге немесе бүгінгі бағаммен 227 млн. доллар бөлсін. **Шартты түрде, 3 жылда мына 50 қойға (егіз туатыны бар, күтімі жақсы қойдың екі жылда үш рет қозылай алатыны бар), кем дегенде 150 бас қосылады. Сен сол кезде мемлекет берген 50 қойға тағы 50 бас қосып, оны сол ауылдағы басқа бір хал-жағдайы төмендеу 2 отбасыға бересің. Ал, 3 жылғы төлдің қалғанының бәрі – 100 бе, одан көп пе – өзіңде қалады. Енді сен маған қарыз емессің!**

50 қойдан алған екі отбасы да өз кезегінде үш жылдан соң тағы екі отбасыға 100 қой беруін қадағалап, іске асырсақ, біздің 2 млн. қойымызға 2029 жылы тағы 28 млн. қой қосылар еді. Шын мәнінде одан көп болатынын көріп отырсыздар. Бұл – жалаң фантазия емес, ақын Есенғали Раушанов осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын Қытайдан көшіп келген Серік есімді жігітке 50 қой сатып әперіп, одан бері әр үш жыл сайын жоғарыдағы отбасымен көбейтіп жатқан сонына қолға алатын Үкімет болса деңіз!..

Тоғызыншы. Үкімет құрылымы да төмендегіше өзгертілсе дұрыс болар еді:

1. Мемлекеттік жоспарлау, 2. Сыртқы қарым-қатынас және сауда, 3. Ішкі істер, 4. Ауыр өнеркәсіп, 5. Жеңіл және жергілікті өнеркәсіп, 6. Жоғарғы білім, спорт және туризм, 7. Ауыл, орман және су шаруашылығы, 8. Қорғаныс, 9. Қаржы және салық, 10. Құрылыс, көлік және жол, 11. Ақпараттандыру, руханият пен мәдениет, 12. Көші-қон; 13. Бақыт пен байлық (Денсаулық сақтау, Отбасы және демография, Еңбек және әлеуметтік қамтамасыздандыру комитеті) 14. Ғылым және инновацияны ендіру, 15. Орта және арнайы орта білім, 16. Энергетика, мұнай және газ, 17. Әділет министрлігі, 18. Прокуратура, 19. Ұлттық Қауіпсіздік комитеті, 20. Жоғарғы сот.

Біз 5 ия 10 жыл мерзімге арнап құрылар Жоспарлау министрлігіне **2020-жылғы 1-қарашаға дейін 2021-2025 жылдарға арналған бесжылдық жоспарды дайындап, Парламент қарауына ұсынып, Президент бекітіп, 2021-жылдың 1-қаңтарынан күшіне кіретін етуіміз керек.** (Айтпақызы, «келмесе кеткен кеңестің жоспары несіне еске алып отырсыз?») дейтіндерге: әлем алашұттылары – **Трансұлттық корпорациялар – бүгінгі дәрежесіне**

нақ сол жоспарлы экономиканы жүйелі түрде қолданғандықтан жетіп отыр, 1-жылдық, 5-жылдық жоспарлардың көкесі соларда!) Бесжылдық жоспардың ішіне толып отырғанды мерзімі бір жылдан бер жылға дейін нақты көрсетіліп, төмендегі 7 салаға:

1. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) ғылыми шартымен үлесі – **ауызға алуға ұят 0,12 пайыздан(?) – 2025 жылы 3 пайызға дейін** көтерудің нақты бағдарламасын жасауға;

2. Өзіміздің іс жүзінде **ең жоғары деңгейдегі қорғаныс өнеркәсібімізді** құру үшін 2022-жылдың 1-қаңтарына дейін қарағандық ғалым С. Жантасовтың пулемет-пистолетін, зеңбірегі мен танкісін, олардың оқ-снарядын жасап шығаратын зауытты іске қосуға.

3. 2021-жылдың 1-қаңтарына дейін отандық ғылыми-техникалық жетістіктермен бірігіп министрлікпен бірлесіп отырып түгендеп (инвентаризация), 3 венчурлық компания құруға;

4. Ауыл шаруашылық машиналарын шығаратын отандық зауыттарды қайта тірілтуге, жаңа техника сатып алуға;

5. **Жапондармен бірлескен** бензинмен, уранмен, сутегімен және электр қуатымен жүретін автомо-

бильдер зауытын салуға;

6. Әлемдік деңгейдегі отандық **құрылыс заттары индустриясын** құруға қажетті зауыттар салуға;

7. Республиканың жоғарыда көрсетілген барлық аймақ орталықтарын бір-бірімен жалғастыратын жаңа, халықаралық стандарттарға сай жаңа автомобиль жолдарын салуға, жалпы, осы 7 салаға тиіс 200 млрд. доллар қаржы бөлінуі тиіс.

Онныңшы. Еліміздегі қытайлық тауар экспаныстың доктатуы және оны бара жатқан «қытайлану» үдерісінен тазарту және «силикон жазығының» рөлін атқарып, экономикалық секіріс жасау үшін Қорғас еркін экономикалық аймағының маңайында жоғары технологиялық өнімдер шығаратын ондаған жапон-қазақ қалашықтарын салу, ол үшін 1 миллионнан 5 миллионға дейін жапон маманын ұзақ мерзімдік келісім-шартпен әкелу жайлы жобаны іске асыру. Бұл шынды да әлемде теңдес жоқ мега-жоба болғандықтан, ол жайлы менің «Жауғашты Нәбиев – істің адамы» деген еңбегімде кеңірек танысуға болады (<https://kitap.kz/author/1987,415-424бет>)...

Он бірінші. Үкімет өзі бастамашылық жасап, қазақстандық жеке және заңды тұлғалардың шетелге тыққан миллиардтаған шартысын 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін «берсе – қолынан, бермесе – жолынан» алып, елімізге қайтару, сөйтіп сыртқы қарыздардан тезірек құтылу қажет.

Ол үшін арнайы Мемлекеттік комиссия құрып, оның төрағалығына Ә. Қажыгелдинді қоюға болады.

Алла жар болсын ісіңізге!

Құрметпен, Әмірзақ АҚЖІПТ, инженер-механик, тәуелсіз журналист.

МАҚТААРАЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚИЫН, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!

Мырзашөл халқының басына төнген ауыр апатқа Президенттің өзі араласпаса, жағдай қиындап бара жатыр.... Астанадағы Сенат басшысы орнынан кетіп жатқан шуға мойын бұруға бір өңірдің ғана шамасы болмай қалды... Түркістан облысы Мақтаарал ауданы ауылдарын тасқын су басып, елордадағы шудан елдегі судың қатері күшті болып тұр...



Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасының жарылуына байланысты тасқын су Түркістан облысы Мақтаарал ауданының ауылдарын басып қалды.

Қазірдің өзінде су тасқыны орын алған 7 елдімекеннен яғни, Жеңіс, Жаңатұрмыс, Жантақсай, Фердоуси, Еңбекші, Нұрлытаң, Өргебас ауылдарынан 3115 ірі қара, 1101 жылқы, 585 қой, 34 түйе көшірілген. Ал суға кетіп өлген мал саны әзірге белгісіз болып отыр. Бұл жұмыстарға тасқын судың әлі де болса тоқтамай тұрғаны қолбайлау болуда.

Бүгінде Мақтаарал ауданында алдағы уақытта су басу қаупі бар ауылдарда малды эвакуациялау жұмыстары жалғасуда.

Бізге жеткен ақпар бойынша Өзбекстандағы су қоймасының жарылуынан 70 мыңға жуық адам көшірілген дейді. Бір өзбек ағайынымыздың ажалы жоқ екен, өлген жылқының ағысымен біздің қазақ жеріне келіп аман қалыпты... Өзінен гөрі өзгеге құшағы ашық Қазақстанға келген елдің бәрі аман қалады әрине... Әйтпесе, көрші Өзбекстанға мал іздеп жүріп, адасып кіріп кеткен қазақтардың қандай азап шеккенін, тіпті оқ атылғанын да оңтүстік халқы жақсы біледі... Еске түсіп кеткесін айтып жатырмыз, әйтпесе, қиналғанға қол ұшын беру иманды адамгершілік екені анық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен осы мәселеге байланысты телефон арқылы сөйлесті. Қазақстан Президенті Сырдария облысындағы «Сардоба» су қоймасы бөгетінің бұзылу салдарын жою жөніндегі Өзбекстанның қолға алған іс-қимылдарын жоғары бағалап, қиындықты бірлесіп жеңу туралы келісті.

Өзбекстанның Сырдария облысындағы «Сардоба» су қоймасы Ислам Каримовтың кезінде 2014 жылы басталып, 2017 жылы іске қосылған. Негізі қазақ-өзбек

баяғыдан араласып жатқан түбі бір туыс ел. Сондықтан бәсекесінің бәсі де басым болып тұрады. Біз өзбекке суға тәуелді болмау үшін «Көксарай» су қоймасын салғанда өзбектер жағы да Каримовтың тікелей талап етуімен Қазақстанға тиіп тұрған Сырдария облысынан «Сардоба» су қоймасын салды. Өзбектің білікті су мамандары бұл су қоймасының салынуына қарсы болғаны да айтылған кезінде. Өйткені су қоймасын салу үшін ол жердің геодезиялық талаптарға сай еместігі анықталған. Бірақ диктатор президент Каримовті ақын бетінен кім қайтара алсын?.. Ақыры салынып кетеді.

–Бұл «Сардоба» су қоймасы марқұм президент Каримовтың жобасы, – дейді кезінде Отырар ауданы әкімі болған, бірталай жауапты қызметтер атқарған ел ағасы Қанжігіт Сыздық. Ол біздің ел басшылығымен келіспей

қала беретін еді ғой, солай санаспай, халықаралық келісімді бұзып осы су қоймасын салған. Себебі, Халықаралық шарттарға байланысты өзеннің төменгі ағысында отырған мемлекеттің келісімін алмай мұндай құрылыс салынуға тиісті емес. Кезінде олар біздің «Көксарай» су қоймасын салуымызға да қарсылық көрсетіп, аздап шу шығарған. Алайда, Сырдарияның төменгі ағысында бізден өзге мемлекет болмаған соң, оның қарсылығы негізсіз болғаннан кейін басылған.

Иә, Қанжігіт ағамыздың сөзінің жаны бар.

«Сардоба» су қоймасының апаты әлеуметтік желідегі өзбек жұртының наразылығын тудырды. ИА REGNUM сайтының хабарлауына фейсбук желісіндегі «Уят.уз» тобына жазған өзбекстандықтардың пікіріне қарағанда, 2017 жылы пайдалануға берілген су қоймасының үш жылға

толмай сыр беруі өзбек билігінің жемқорлығы мен біліксіздігі себеп болған.

«Сардоба» апатынан соң халық кінәлі шенеуніктерді жауапқа тартсын деп отыр. Сонымен қатар, мемлекеттік бақылау болсын дейді.

Су қоймасындағы апаттан соң, 11598 адам эвакуацияланған. Қорғантабе, Достық, Жұртдош ауылдарын су басып, негізі егін алқаптарына зияны тиген. Су қоймасының аймағындағы ауыл тұрғындары Мырзабад ауданына көшіріліген. Ресми дерек бойынша, өлім жоқ» деп жазады сайт.

«Қандай АЭС туралы айтып жүрсіздер? Жел соқса шатыр ұшады, жанбыр жауса, дамбы бұзылады» деп ашуларын жасырмайды желі қолданушылар. Айтпақшы, ол Атом электр станциясы да Қазақстанмен шектесетін ауданға салынбақ. Ал оған көрсетілудің келісім сұрар түрі жоқ...

Әрине, саудамен өскен көршілердің «Сардоба» су қоймасын салудағы мақсаты таудан ағып жатқан табиғаттың суын тоған жасап бөгеп, қазақтарға сатып отыру болғаны белгілі. Ал енді биыл толасыз жауынмен ерекше мол жиналған телегей теңіз суды қойма жарылып кеткенше ұстап отырғанша, құдайдың суын құдайы көршісі, туыс қазақтарға неге жібермей отырғанын қалай түсінуге болады? Өйткені жылда Мырзашөлдегі екі аудан халқының күн көрістік егісіне су жетпей қоятыны талай рет жыр болғаны белгілі.

Бәсеке дегеннен шығады, кеңес кезіндегі «Қайрат» пен «Пахтакор» футбол клубтарының бәсекесі бүгінде бокс саласына ауысқан. Баяғыда футболшыларымыз барлық елден жеңілсе де өзбектерді жеңсе чемпион болғандай желпініп жүретінбіз. Өзбектер де солай, 2016 жылы Олимпиадада бокстан қазақтардың алдына шығып, жеңіс жеткенін дәрігерлердің рұқсат бермегеніне қарамай ерекше тойлаған Каримов қатты ауырып, ақыры содан басын көтермей

кетті...

Енді міне, өзбектердің қазақтарға қимаған телегей теңіз суы тасқынға айналып, өз елін де, көршісі біздің елді де зор шығынға батырды...

Өзбекстан Қазақстанның келісімінсіз, халықаралық келісім жасамай талапқа сай емес жарамсыз жерге «Сардоба» су қоймасын салғаны және қатаң қауіпсіздік шарасын сақтамай, қойманың жарылғаны үшін жауапты. Сондықтан Қазақстан шеккен шығындарды төлеуі керек.

Бүгін Мақтаарал ауданындағы Мырзакент кентінде өткен облыстық арнаулы штабында баспасөз мәслихаты өтті. Түркістан облыстық ауыл шаруашылығы басқарма басшысының орынбасары Тұрғанбек Оспанов: «Қазірдің өзінде 3601 гектарға жуық ауыл шаруашылығы дақылдарының су астында қалып, зардап шеккені анықталды. Алдын ала болжам бойынша шығын көлемі 404 млн. теңгені құрап отыр. Су астында қалған егістік алқаптың 85 пайызын мақта егістігі құраса, қалғаны жоңышқа мен жүгеріге тиесілі екені анықталды.

Дәл қазіргі таңда 95 маманымыз су астында қалған егістік алқаптары мен мал шығындарын есептеп, түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Мақтаарал ауданындағы егістік алқаптар мен мал шығындарын толық есептеуге әзірге мүмкіндік аз болып тұр. Десек те, тұрғындар берген мәліметтерді аудандық ауыл шаруашылығы бөлімімен бірлесіп отырып, зерделеп жатырмыз. Біз алдағы уақытта су тасқыны басылған соң ауылдарды аралап, шығын көлемін нақты анықтайтын боламыз», – дейді.

Орта Азиядағы су тартысы өте күрделі екенін, мұның соңы зор шығындарға апаратынын кезінде Су ресурстары комитетін басқарып, ел қаржысынан триллион теңге қорғап қалғаны үшін бүгінде бір жылдан астам жазықсыз түрмеде жатқан Ислам Әбішев талай көтерген еді. Кезінде «Сардоба» су қоймасының сапасыз және халықаралық келісімісіз



салынғанын да ескерткен болатын. Анау жылы өзіміздің елде бір ауылды шайып кеткен Қызылағаш су қоймасы қырғынын одан 173 есе үлкен Шардара су қоймасы мен 100 есе үлкен «Көксарай» су қоймаларымен салыстыра отырып, көктемде техногендік апат тудырар қауіп зор болғандықтан, қауіпсіздік шараларына баса мән беруге назар аударып, Үкіметке ұсыныстар жіберген болатын. Енді міне, 2009 жылы Арыстағы екінші жарылыстың зардаптарын жойып, қалпына келтірген (былтырғы төртінші жарылыс – атышулы Арыс апатынан он жыл бұрын), бұның адам айтқысыз апатқа ұшыратуы мүмкін екенін де ескерткен дарынды іскер, қарымды қайраткер бұл су апаты кезінде де қалпына келтіру жұмыстарының ортасында емес, темір торда арыстандай арпалысып жатыр...

Фейсбук әлеуметтік желісін Мырзашөлдегі баспанасы мен егісінен, қорадағы малынан, яғни барынан айрылған елдің мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтан көмек сұраған жанайқайын жеткізген видеоларға толып кетті. Арыс апатын басынан өткізген облыс әкімі Өмірзақ Шүкеевтің «Бұл облыстық деңгейдегі төтенше жағдай, өзіміз еңсере аламыз» дегені өзбектердің едеттегі «бәрін қатырдық» дегеніне сеніп қалғандығының да әсері болса керек. Өйткені, облыс әкімі орынбасары Сәкен Қалқамановтың Фейсбуктегі тікелей эфирде: «Өзбекстан біздің жаққа бір тамшы да су келмейді деп сендірді, бірақ Мақтаарал ауданына су келуді жалғастырып жатыр...

Неге кеш эвакуацияланды, себебі өзбек тарапы бізді ресми түрде сендірді. Және бізде өзбек тарапымен кеше кешкі сағат 20-да жағдай тұрақты және ешқандай проблема жоқ екені туралы хат сақталып қалды. Су Түркістан облысына, Мақтаарал ауданына келетіні туралы алдын-ала ескерту болған жоқ.

Түркістан облысының әкімін Өзбекстанның су ресурстары министрі су ағынының тоқтағанына сендірді. Алайда, біз неге екенін білмейміз, су келуді жалғастырып жатыр... Ол Мақтаарал бағытына бір тамшы да су өзбек тараптан келмейді деп сендірді. Ағынды суың деңгейі 45 сантиметрге дейін төмендеді деді. Бұл ретте біздің арналар мен коллекторлардағы деңгей

сағатына орташа есеппен 10-20 сантиметрге артып жатыр. Біз әлі күнге дейін бағалау жүргізу үшін су басқан елді мекендердің аумағына кіре алмай отырмыз. Комиссия оны су төмендегеннен немесе сорып алынғаннан кейін жүргізеді. Шығынның орнын толтыру және басқа да төлемдер туралы өткір жағдайды аяқтағаннан кейін айтамыз», – деп жауап берді.

Су тасқыны белгісінен кейін бірден Өзбекстанның төтенше жағдайлар министрлігіне қоңырау шалған Түркістан облысы ТЖ департаментінің басшысы Нұрғали Жүнісов те:

«Олар біздің уақытымыз бойынша 20:15-те су қоймасында су толығымен біздің жаққа жабылғанын айтты. Бірақ мен жеке өзім Мақтааралға, дәлірек айтсақ, Жаңа Тұрмыс ауылына барған кезде, ол ешқандай нәтиже бермегенін көрдім. Су жылдамдығы өте күшті болды, күшті толқынмен жүрді. Елді мекендердің барлық тұрғындарын құрбансыз және зардап шеккендерсіз сәтті эвакуациялап үлгердік», – деп, өзбектердің «қатырғанын» айтып берді...

Осындайда көрнекті жазушымыз Дулат Исабековтың анау бір жылдары Өзбекстанмен шекарада мылтық атылып, бір қазақ қаза тапқанда айтқаны, «Баяғыда біздің ауылдың бір шалы: Неге осы тойда төбелес болса болды, үнемі тек біздің ауылдың жігіттері таяқ жеп қала береді» деп күйініп отыратын», – деген сөзі еріксіз еске түседі екен...

Түркістан облыстық ауыл шаруашылығы басқарма басшысының орынбасары Тұрғанбек Оспановпен сөйлескенімізде облыс әкімі Өмірзақ Шүкеев Өзбекстанға кеткенін, әлі оралмағанын жеткізді. Өзі 922 миллион куб сыйымдылығы бар «Сардоба» су қоймасында апат болатын күні 844 куб су болған екен. Соның кемінде 500 миллиондай кубы сыртқа кеткен болса, оның басым бөлігі жер бедеріне сай төмен орналасқан іргедегі Мақтаарал ауданына келгені және келіп жатқаны айқын... Су ағып барып құйылуы тиіс Айдаркөлдін өзінде де су аз болмағандықтан су қабылдау мүмкіндігі төмен болуда. Ең қиыны кезіндегі төмен елді қаңша су келетіні де белгісіз. Өзірге су басқан 7 ауыл, әсіресе, Жеміс, Жаңатұрмыс, Жантаксай ауылдары

түгел су астында қалған.

Қатерлі су тасқыны қауіп Жетісай ауданына да жақындап, Қоғалы ауылының бар адамы күн-түн демей бөгет жасауда. «Қырсыққанда қымыран іриді» деп, келпен, күрек, қап секілді құрал-саймандар алуға коронавирус карантинінің кесірінен базардың бәрі жабық, көшеде қап іздеп жүрген елді мектептерге тығылған шиедәй бала-шағалар мен кәрі кісілерді көріп жүрегің ауырады... Уатсаппен ауылдан келіп жатқан «Президентке жеткізіңізші елдің жағдайын» деген видео мен хаттарды оқудың өзі қиын...

Өзбекстан Президенті Шафқат Мирзияев Сардобаға барлық жауапты басшыларды алып барып, «Апаттың орны қалпына келгенше біреуің де үйлеріңе қайтпайсыңдар. Мен де осында боламын! Үйіңнен айрылғандардың бәріне үй салып беріп, шығындарыңды өтейміз» деген видеосы әлеуметтік желіде жүр.

Енді бүгінгі біздің елдегі осындай нақты мәліметтерге қарағанда, 350 мыңдай халқы бар қасиетті Мырзашөл халқының басын тонтен ауыр апатқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі араласып, Үкіметтік комиссия құрылып, жәрдем бермесе, жағдай сәт сайын қиындап бара жатыр... Мемлекет басшысы жағдайды жіті бақылап отырғанын Твиттердегі: Өзбекстан аумағындағы «Сардоба» су қоймасы бөгетінің бұзылуы салдарынан Түркістан облысының 12 ауылы су астында. 22 мыңдай астам тұрғын эвакуацияланды. Оларға көмек көрсетіліп жатыр. Өзбекстан Үкіметімен келіссөздер жүргізілуде», – деп жазғанынан байқауға болады.

Соңғы мәліметтер бойынша, шығын 532,8 миллион теңгеден асып тұр.

Эвакуацияланғандар саны әлі де көбеюі мүмкін. Барлық үйінен, дүние-мүлкінен, егісінен, малынан айрылғандардың шығындарын нақты есептеп, мемлекет өтеп беруі керек!

Ең бастысы Аллаға шүкір, адам шығыны жоқ.

Ел аман, жұрт тыныш болсын деп тілейміз.

**Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық кеңес мүшесі.**

■ Janaiqai



Ислам Әбішев: САРДОБАҢЫЗ АПАТҚА АЙНАЛДЫ! ШАРДАРАМЫЗ ДА ҚАУІПТІ!

Кезінде Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасының қауіптілігін, түбі апатқа соқтыру мүмкін екенін Үкіметке жазған Ислам Әбішев енді Шардара су қоймасының да қауіпті жағдайда екенін айтып, түрмеде дабыл қағуда!

Өткенде 3-мамыр күні «Қазақ үні» газеті мен сайтында жарияланған «МАҚТА-АРАЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚИЙН, ПРЕЗИДЕНТ МЫРЗА!» атты мақаламызда: «Енді бүгінгі біздің елдегі осындай нақты мәліметтерге қарағанда, 350 мыңдай халқы бар қасиетті Мырзашөл халқының басына тонтен ауыр апатқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі араласып, Үкіметтік комиссия құрылып, жәрдем бермесе, жағдай сәт сайын қиындап бара жатыр...», – деп жазған болатынбыз.

Мемлекет басшысына рахмет, кеше Үкіметтік комиссия құрылып, іске кірісіп кетті.

Сол кезде «Сардоба» су қоймасының сапасыз салынғанын және біздің елмен келісетіні тұрғызылғанына тоқталған едік.

«Сардоба» су қоймасының апаты әлеуметтік желідегі өзбек жұртының наразылығын тудырды. ИА REGNUM сайтының хабарлауынша фейсбук желісіндегі «Уят.уз» тобына жазған өзбекстандықтардың пікіріне қарағанда, 2017 жылы пайдалануға берілген су қоймасының үш жылға толмай сыр беруі өзбек билігінің жемқорлығы мен біліксіздігі себеп болған.

«Сардоба» апатынан соң халық кінәлі шенеуніктерді жауапқа тартсын деп отыр. Сонымен қатар, мемлекеттің маңызды салаларында азаматтық бақылау болсын дейді» деп жаздық.

Енді міне, Қазақстанның Өзбекстанға нота жолдағалы жатқаны белгілі болды.

Сол мақаламызда: «Орта Азиядағы су тартысы өте күрделі екенін, мұның соңы зор шығындарға апаратынын кезінде Су ресурстары комитетін басқарып, ел қаржысынан триллион теңге қорғап қалғаны үшін

бүгінде бір жылдан астам жазықсыз түрмеде жатқан Ислам Әбішев талай көтерген еді. Кезінде «Сардоба» су қоймасының сапасыз және халықаралық келісімсіз салынғанын да ескерткен болатын.

Анау жылы өзіміздің елде бір ауылды шайып кеткен Қызылағаш су қоймасы қырғынын одан 173 есе үлкен Шардара су қоймасы мен 100 есе үлкен «Көксарай» су қоймаларымен салыстыра отырып, көктемде техногендік апат тудырар қауіп зор болғандықтан, қауіпсіздік шараларына баса мән беруге назар аударып, Үкіметке ұсыныстар жіберген болатын.

Енді міне, 2009 жылы Арыстағы екінші жарылыстың зардаптарын жойып, қалпына келтірген (былтырғы төртінші жарылыс – атышулы Арыс апатынан он жыл бұрын), бұның адам айтқысыз апатқа ұшыратуы мүмкін екенін де ескерткен дарынды іскер, қарымды қайраткер бұл су апаты кезінде де қалпына келтіру жұмыстарының ортасында емес, темір торда арыстандай арпалысып жатыр...», – деп жазып едік.

Біз коронавирус карантиніне байланысты Исекеңе сәлемдеме беруге де тыйым болып, екі айдан бері ешқандай хабарсыз қалған едік. Бірақ түйсігіміз алдамапты, айтқанымыз айдай келді!

Қазір ғана скайп арқылы сөйлескен адвокат Абзал Құспан бір жылдан аса тастүрмеде жатқан Ислам Әбішевтің өз басын ұмғытып, ел басына түсіп жатқан жағдайға байланысты жанайқайын жеткізіп, видео жариялады.

Онда Ислам Әбішев Шардарадағы су қоймасын да шұғыл күрделі жөндеуден өткізбесе, жағдай өте қауіпті екенін нақты дәлелдермен айтады. Өйткені, Шардара су қоймасына кезінде жасалған кейінгі жөндеу жұмыстары сапасыз жасалғаны туралы Үкіметке баяндаған екен.

**Қазыбек ИСА
«Қазақ үні»**





Әскери әдебиет деп нені айтамыз, оның тақырыптық негізі мен зерттеу нысанасына нелер жатпақ деген сұрақтар да алдымызды орағытатыны да шындық.

Әскери әдебиет деп – әскери ғылым түрлерімен бірге көркемөнердің өзіндік ерекшелігіне орай пайда болған көне заманнан бүгінге дейін дамып, қалыптасу үстінде келе жатқан рухани құбылыстың қомақты бір саласын айтамыз.

Әскери әдебиеттің көркем әдебиет саласында пайда болған түрлерін, оның өзіндік дербес саласына жататын жалпы әскери көркем әдебиет пен соғыс майданына тікелей қатысып, толарсақтан қан кешіп, Отан үшін жан беріп, жан алысқан әрі майданда қаруымен бірге қамал бұзар қаһарман сөзді қоса жұмсаған дарынды жауынгер мен қолбасшылар қаламынан туған әскери көркем әдебиеттің жөні бір басқа екенін баса айтамыз. Әскери әдебиеттің түрі деп бізде Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған көркем әдебиет жанрларын айтып жүрміз.

түрік халықтары көптеген ұсақ хандықтарға бөлініп, ыдыраған тұста, тарих сахнасына шыққан қазақ хандығы ХҮ ғасыр мен ХҮІІІ ғасыр арасында өз тәуелсіздігін сақтау жолында айтарлықтай мән-мағынасы бар тарихи күрес жолын бастан өткеріп жатты.

Қазақ хандығының тәуелсіздігі жолында, әсіресе, ұзақ жылдарға созылған қазақ пен қалмақ арасында болған соғысқа қатынасып, өз көз алдында өткен тарихи оқиғаларға тікелей қатысқан қазақ ақын-жыраулары әскери әдебиеттегі бабалар дәстүрін ары қарай жалғастырды. Ақтабан шұбырынды заманы көзі көріп, өз қасіретін өз басынан өткізген Қожамбергелі, Ақтанберді жыраулар жауға қарсы қол бастап, қанды майдан алаңында жауға қарсы найзасы мен отты жырын қатар жұмсаған, әрі арманын келер ұрпаққа аманатқа жыр жолдарын қалдырды. Ол тұстағы қазақ ақын-жырауларының бәрі де майдан алаңында болып, жауға қарсы күресте қаруы мен ақындық өнерін қатар қолдануы арқылы әскери әдебиеттің де көрнекті өкілдері еді.

ХҮІІІ ғасырдың басында Ресей империясы қазақ жеріне қол салып, ХІХ ғасыр ішінде қазақ еліне тұтастай отаршылдық ойранын орнатып басты. Қазақ елін біртұтас қалпынан ажыратып, ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында үш бөлікке ажырап кетуіне себепкер болды.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ӘСКЕРИ ӘДЕБИЕТІНІҢ

Кеңес дәуірінде бұл тақырыпқа жазылған көркем туындылар ішінде біз, қазақстандық жазушылар, Ресей мен Украинадан кейінгі орынды иемденеміз. Совет үкіметіне қараған түрік халықтарының ішінде қазақтар әскери әдебиет тарихында жетекші орында тұрамыз.

Қырғын соғысқа қатыспай-ақ сырттан бақылап, майдан өмірі туралы көркем шығарманың әртүрлі жанрында жазатын ақын, жазушылар, драматургтер де болады. Мысалы Л.Толстой орыстардың басынан өткен 1812 жылғы Отан соғысы шындығын суреттейтін өзінің «Соғыс және бейбітшілік» романын жазса, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жайында Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдатты» романын, М.Әуезов «Намыс гвардиясы» пьесасын жазды. Басқа ақын-жазушылар да майдан тақырыбына қызу атсалысты. Әрине, бұларды да әскери көркем әдебиет саласына жатқызамыз.

Біздің көздеп отырғанымыз, яғни, ой талқысына салып арнайы ғылыми-зерттеу нысанасында ұстанарымыз, соғыс майданына әскери жауынгер ретінде араласып, қанды қырғын ішінде ауыздықпен су ішіп, етігімен су кешкен қас батырлар көп шықты. Оларды жорыққа бастаған қолбасшылар мен партизандар жауға қарсы қаруымен ғана емес, қаламын да қаһарлы қару ретінде қатар жұмсаған көрнекті ақын-жазушылар әскери әдебиеттің көрнекті өкілдеріне айналып үлгерді.

Көркем әдебиеттегі әскери әдебиет деп аталатын бұл іспеттес құбылыстар тақыр жерден пайда болған дәстүрсіз, дәстүрлі жалғастықсыз өлі дүние емес. Түрік халықтарының көне дәуірден бүгінге дейін дәстүрлі жалғастық тауып дамып келе жатқан әскери әдебиеті болғандығын тарихи жазба ескерткіштері де айғақтайды.

Түрік халықтары әдебиетінің бастау көзі біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтар ішінде жатқанын, яғни оның бастамасы сақтар елінен шыққан, бірақ өлеңдерін қытай тілінде жазғанын көне қытай жазба деректері бойынша менің шәкірттім Иманғазы өзінің кандидаттық диссертациясын арқылы ғылыми айналымға түсіріп отыр.

Бірақ біз сақтар дәуірі мен тұңғыш Түрік қағанаты (Ү-ҮІІІ ғ.) арасындағы әскери әдебиет туралы нақтылы дерек көздерін әзірше терең танып бойлай алмай келеміз. Бұл мәселені Түрік қағанатының ұлы идеологы әрі ойма жазу арқылы тасқа шегіп, ұлы мұра қалдырған әйгілі Тонькөк данадан бастаудың жөні бар деп білеміз.

Сол замандағы түрік халқының тәуелсіздігі

жолында болып өткен қырғын соғыстарға қатысып, қаруымен де, қаламымен де күреске түскен Тонькөк бабамыз – түрік халықтарының әскери әдебиетінің басында тұрған тарихи тұлға. Түрік қағандығы дәуірінен кейін Қараханидтер заманында бұрынғы он садақ аталған елден шыққан әлемге әйгілі «Құдатғу білік» (ХІ ғ.) кітабының авторы Жүсіп Хас Хаджибтің еңбегінде сол заманда ғұмыр кешкен қоғамның саяси-әлеуметтік топтарын жүйелеп, әскери қолбасшылар туралы сарапталған пікірлері бүгінгі таңда да қолданысқа сұранып тұрған ой танымдарға тұнып тұр. Автордың майдан төрінде әскери қолбасшылардың шешуші орнын анықтап, жеке тұлғаның қаншалықты ықпалы барын сараптай келіп:

«Мың арыстанды бастаған қой бастықтан»

Мың қойды бастаған арыстан бастық артық», – деген аталы сөзі тек майдан төріндегі әскери қолбасшы туралы ғана емес, қазіргі қоғамдық билеу сатысындағы әрбір бастыққа қолдануға болатын шындық екенін анық сезінеміз.

Біз ерекшелік назарда ұстап отырған әскери әдебиет туралы танымның өлшеміне Моғолстан мен шағатай өлкесіндегі Әмір Темір әулеті заманында да ақын, ғалым, қолбасшы, патшалық билік еткен айтулы тұлғалардың әрекет еткенін алға тарта аламыз. Мысалы, атақты З.Бабыр патшаның өз мақсатына жету жолында жүргізген күрестерінде қаруы мен қаламын қатар жұмсап, артына өз өлеңдері мен әлем мойындаған «Бабырнама» туындысын қалдыруы – осының айғақты дәлелі. Немесе Бабырдың бөле туысы, Моғолстаннан қанат қаққан М.Х. Дулаттың «Тарих-и Рашиди» деп аталатын мемуарлық жанрдағы еңбегі мен «Жаһаннама» дастаны өз заманындағы әскери әдебиеттің бұрынғы өткен дәстүр жалғастығын ұштастыра дамытып қалыптастырған дарынды ақын, тарихшы ғалым, даңқты қолбасшы болғанын көреміз. Осы заманда, яғни, Бабыр мен Хайдар мырзалық еткен замандағы әскери әдебиетке айтарлықтай үлес қосқан Хасен Әли Жалаирдың қасида жанрында теңдесі жоқ ақындық өнерін екеуі де аса жоғары бағалап, өнегелі үлгі ретінде таныстыратыны бар.

Хасен Әли Жалаирдың Бабыр мен Мырза Хайдар, тіпті, сол замандағы ақындардың бәрінен де жоғары қойып, қасида жанры да жер басып жүрген ақындардың бәрінен де озық, теңдесі жоқ шебері деп бағалаған.

Осы тұста ұлы классиктер Жами мен Науаидың өмір сүріп отырғанын біле отырып, пікір білдіруі аса жоғары бағаланған ой-пікірі

болуымен-ақ назар аудартады.

Бұл аталған ақындардың бәрі де өз заманында мемлекеттік билік үшін күрес жолында қан майданда қол бастап, күреске білек сыбана кіріскен, ақындық өнеріне қоса қару-жарағын жауға қарсы сілтеген ерекшелігі менмұндап тұрады.

Алтын Орда империясы құлап, біртұтас

Кіші жүзді Орынборға қаратып, ел билеудің халыққа жат Сұлтан правитель билігін орнатты. Орта жүзді Омбыға қаратып, ел билеудің аға сұлтандық жүйесін орнықтырды. Ұлы жүз Қоқан хандығына бағынып, ел билеудің рулық жүйеге негізделген датқалық түрін бастан өткізіп жатты. Тұтас бір халық отаршылдық саясаттың нәтижесінде үшке жарылып, руха-



ни тұтастығының ыдырай бастағаны XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет әлеміндегі заман шындығының айнасы болған поэзия жанрында айқын байқалып жатты.

Батыс Қазақстан қазақтары арасынан ақырып теңдік сұраған Махамбеттің отты жыры сол тұстағы нағыз әскери әдебиет дәстүрін жалғастырушы жауынгер поэзияның бірегей көрнекті өкіліне айналды.

Ал, Махамбет поэзиясы Исатай бастаған халық көтерілісінің жаршысына айналды.

«Исатай басшы, мен қосшы» деген Махамбет Ресей патшасы мен Жәңгір ханның қарулы қолымен бетпе-бет келгенде, қан майданда жауға қарсы қаруы мен ақындық сөз өнерін қатар жұмсаған нағыз әскери әдебиеттің хас жампозы болғанын көрсете білді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қоқан хандығының қорлығы мен зұлымдығына қарсы көтерілген халықтың жарқылдаған алмас қылышындай ақын Мәделі өлеңдері қалың елге рухани қуат берді. Мәделі де Қоқан жасақтарымен қанды майданға түсіп, қаруымен сөз нөсерін қабат қолданып, талай ерліктің үлгісін көрсетті.

Мәделіқожа ақындық өнері мен бес қаруын қоқандықтарға қарсы сілтеген қазақ жеріндегі соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуіріндегі әскери әдебиеттің көрнекті өкіліне

Бауыржан Момышұлы өмірі Совет Одағы мен фашистік Германия арасында болып өткен Ұлы Отан соғысында соғыс жүргізудің мейлінше жетілген машиналық дәуіріне түс келді. Соғыс басталғанға дейін-ақ Бауыржан Момышұлы 1932 жылдан әскер қатарында қызмет етіп, әскери білім мен іс тәжірибесін жете меңгерген аға лейтенант дәрежесіне дейін көтерілген, яғни, алдын ала даярлығы жетілген жауынгер командир ретінде қалыптасқан еді. Мұның үстіне рухани дүниесі де қордаланып байи түскен еді. 1928 жылдан бастап қолына қалам ұстап, алғашқы өлең жолдары мен публицистикалық тұңғыш «Тау сағыз бен көк сағыз» деп аталатын мақаласымен бірге күнделіктер, естеліктер жазу арқылы қалам ұштау үстінде өсіп келе жатты.

Ұлы Отан соғысы басталып, қанды майдан қызған тұста «Барлығы да майдан үшін» ұраны белең алды. Майдан жауынгерлеріне рух беріп, отаншылдық сезімін ұштай түсуге барлық өнер қайраткерлері жұдырықтай жұмыла түскен кезде кең мағынадағы әскери әдебиеттің саласындағы қаламгерлер өнері қалыптасу, даму жолына түсті.

Осы тұрғыдан қарағанда әскери әдебиеттің аумағына енетін әрі қайталанбас өз ерекшелігімен дараланатын мынадай жіктелістерді байқаймыз: Тылда, майданнан

әдебиетінің негізін салып, қалыптастырушы қайталанбас тұлғаға айналып үлгерді.

Б.Момышұлы қатысып, қолбасшылық еткен майдан төрі соғыс жүргізудің машиналық дәуірі еді. Мұндай тарихи тағдыр шешілетін соғыс жүргізудің бұрын-соңды болмаған жаңа техникалық құралдарды пайдалану, оны жете меңгеру майданда шеберлікпен қолдану үшін қолбасшы әскери ғылым салаларын жетік білу шарты алға қойылды.

Ал, ширек ғасыр өмірін кеңестік тұрақты армия қатарында қызмет атқарып, соғыс кезінде аға лейтенант шенінен дивизия командиріне дейін өсу жолында Б.Момышұлы армия уставына өзгеріс енгізіп, стратегия мен тактика саласында жаңалық әкелген әскери ғылым саласында мейлінше жетіліп, теңдессіз ерліктер жасап, атағы әлемге танылып, халық мойындаған дарынды тұлғаға айналды.

Соғыс аяқталған соң Ұлы Отан соғысының ең озық әскери қолбасшыларынан іріктеп таңдап алынған 250 командирден жасақталған бір мезгілдік әскери академияға оқуға алынған жалғыз Азия халқының өкілі еді. Әскери академияны бітіріп, әскери академияға стратегия мен тактика саласы бойынша дәріс беретін профессор қызметін атқарған әскери саладағы тұңғыш қазақ болуымен де ерекшеленетін.

Б.Момышұлын қан майданда жасаған

Ауғанстан соғысында да қайталанып отырғанын әшкерелейді. Ауған-Совет соғысына біз жақтан, негізінен, мұсылман жастары қатысып, қолбасшылық билігі орыстар жағында болатын.

Осыған қарамай батырлық атақ соларға бұйырып жататын. Осы әділетсіздік ақын тарапынан таңбаланып айтылуы да заман шындығынан туындап жатқан көрбілте заңдылық еді.

Б.Момышұлы өзінің әскери жолдағы болашақ карьерасы болмайтынын білген соң, жазушылық өнерге бағыт алып, тез танылды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығын алды. Бұл өзгерісті оның заман-



Мекметас МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІН САЛУШЫ



айнала білді.

Қазақ ақындарының әскери әдебиет жасаудағы ата дәстүрін жалғастыру әрекеті, тіпті, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің жаршысы мен жыршысына айналған халық ақыны Омар Шининнің шығармаларында да айқын белгі беріп жатты.

Міне, бастамасы орта ғасырдағы ақын әрі қолбасшы түрік қағанатының Темірқазық жұлдызындай мызғымас идеология болған Тонықөктен басталған поэзия жанрынан өрбіп өріс жайған әскери әдебиетте қалыптасқан дәстүрдің соңғы жалғасы Омар Шининмен аяқталады. Бұл сан ғасырларға созылған соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуіріндегі әскери әдебиет өкілдерінің бәрі де бес қарудың күшімен сөз өнерін қоса жұмсаған кезеңмен аяқталады.

Соғыс жүргізудің машиналық дәуірінің қазақ халқы шын мәнінде Солтүстік ағынның фашистік Германиямен болған 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында тұңғыш рет қатысты. Бұрын мұндай соғысты ішінара ұлт-азаттық күресінде қатысып, кең мағынада бастан өткізбеген, әрі бұған жетерліктей даярлығы болмаған қазақ солдаттарымен командирлері соғысқа арналған бүгінгі күн қару-жарақтарын тез меңгерді.

Мәскеу түбінде болған шешуші айқастарда көзсіз ерліктер жасап, бүкіл әлем халқын таңғалдырды. Панфиловшы батырлардың ерлігі осы көріністің нақтылы айғағына айналды.

алыста отырып соғыс тақырыбына жазған ақын-жазушылар тобы шыға бастады. Мысалы, Ғабит Мүсірепов «Қазақ солдатты» романы, Мұхтар Әуезовтің «Намыс гвардиясы» мен халық ақындарының 28 панфиловшылар туралы өлең, дастандары т.б.

Қазақ әдебиетінде бұрын болмаған партизан ақын-жазушылардың өз бастарынан кешкен партизандық өмір шындығы арқау болып өрілген шығармалары. Мысалы, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ж.Саин т.б.

Майданның өтінде болып, жауымен бетпе-бет келіп алысқан жауынгер ақын-жазушылар: Б.Момышұлы, Қ.Аманжолов, М.Ғабдуллин, А.Бек, Ә.Нұрпейісова, Т.Ахтанов т.б.

Соғыс жылдарында майдан қажетіне қарай бірде ашылып, бірде жабылып отырған қазақ тіліндегі әскери газеттерде істеген журналистер туындысы.

Бұлардың бірі де Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери әдебиеттің қалыптасып дамуына өз үлестерін қосып, тақырып аумағын кеңейтіп, майдан жаңалықтарын дер кезінде жеткізіп, халық рухын көтеріп отырды.

Жоғарыда аталған әскери әдебиеттің өкілдеріне қарағанда, үшінші топтағы ақын-жазушылар туындысы арасынан Б.Момышұлының алар орны бөлекше. Ол атабадан бермен келе жатқан әскери әдебиеттің дәстүрімен терең таныс болып, ата дәстүрді дамыта жалғастырып, түркі халықтар, әскери

көзсіз қайталанбас ерлігі үшін генерал-майор, 8-гвардия дивизиясының командирі әрі әскери ұстазы Панфиловтан бастап оны Совет Одағының Батыры мен генерал атағына талай рет ресми түрде ұсынған да еді. Бірақ Б.Момышұлының әлемге танылған данқымен әскери ілімдегі тереңдігін, дарабоз қолбасшылығын көре алмаған пенделігі басым ген.штабтың және тікелей қорғаныс министрінің қарсылығына ұшырады.

Осы себепті, 1956 жылы қырық алты жасында отставкаға шығып кетті. Отставкаға шығу себебі өз ұстазы генерал Чистяковке жазған хатында айтылуында көп сыр жатыр. Бұл сияқты өзге ұлт өкілдерін мысалы, Қ.Қайсенов, Р.Қошқарбаев т.б. шамасы келгенше батырлық атаққа жібермеуге тырысқан тоғышар қолбасшылардың болғаны да рас. Осы көріністі ақын Әділбек Жанқұлиев сөзімен өрнектесек:

Батыр таппай, баһадүр Алашымнан,
Орыстардың онда да бағы ашылған.
Қазақ батыр болмауын қадағалап,
Жол бермеуге жан салып аласұрған.
Көгенкөзді көк көздер көп тұртетін,
Солар жаудың алғандай жағасынан...
Басқа ұлттың баласы болғандықтан,
Батырлығы Баукеңнің зорға ашылған, —
деген өлең жолдарында Ұлы Отан соғысы кезіндегі ресми атақ берудегі алақолдылық



дастары Б.Момышұлының екінші ерлігі деп бағалады.

Б.Момышұлы өзінің жазушылық өнері әскери әдебиетке тікелей қатысты болу себепті өзінің бастапқы кезде жазылып танылған мақал-мәтел, афоризмдері мен өлеңдері эпистолярлық жанрадағы туындылары да майдан өмірі шындығынан туындап жатуы табиғи құбылыс еді. Әскери әдебиет саласында Б.Момышұлы күнделікті соғыс жағдайында қанды майдан ішінде бастан кешкен өмір тәжірибесін ойда қорытып, жазған теориялық деңгейі биік мақалаларымен таныла бастады.

Қаз ССР Ғылым академиясында бір апта бойы таңдаулы ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің алдында соғыс жайы туралы оқылған лекциялары («Психология войны»), «Қанмен жазылған кітап») мен әскери академияда стратегия мен тактика пәнінен өткізген дәрістер арқылы, әскери көркем әдебиеттің ғылыми тұғыры мен теориялық негізін салды. Ал, оның көркем әдебиеттегі көріністері жазушының қолынан шығып, басылым көрген шығармаларында жатты.

Б. Момышұлы – соғыс кезінде және өзі соғыстан кейін де қаламы қолынан түспеген жазушылық талантын бүкіл әлем таныған айтулы жазушыға айналды.

Б. Момышұлының әскери ғылымды терең меңгеріп, полковник атағымен-ақ дивизия командиріне көтерілуі, әскери академия профессор атағымен дәріс беруі және осы әскери саладағы ой-танымын, майдан шындығын көркем шығармалары арқылы әскери әдебиеттің шыңына көтерілу жолдары оның бірден-бір түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салуға алып келді. Өйткені, түрік халықтары (Түркия түріктерінен басқалары) ҰОС-қа түгел қатысып, олардың ақын-жазушылары да атабабаларынан рухани мұра болып қалған әскери әдебиет дәстүрін жалғастырып жатты.

Ал, Б.Момышұлы болса, осылардың арасынан сұрыпталып, ерекше әскери әдебиет саласында қалыптасады, ғылым әрі көркем шығармалары арқылы әлем халықтарына танылуы себепті «Түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы» деген тарихи тұғырға көтеріле алды.

Бұл проблема кең қаралып, еркін көсілетін ғылым саласы болғандықтан, біз әзірше өзіміздің жеке пікірімізді ортаға салумен шектелеміз.

Қазір елдің көбісінің елеңдеп күтіп отырғаны Қазақстандағы саяси митингілер туралы заң жобасы. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында көтеріліп, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің алғашқы отырысында қолдау тапқан бұл заң Парламент Мәжілісінде қабылданды. Енді қазір Сенатта талқыланып жатыр.

ЖОВТИСКЕ ЕРІП, ЖОЛДА ҚАЛА АЛМАЙМЫЗ...

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ДЕ ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР ЕКЕНІН ЕСКЕРТЕМІЗ!..

Аты айкайлап тұрған бұл заң жобасы туралы әлеуметтік желіде айтпай қалған адам аз – түрлі пікірлер толып жүр. Саяси митингілерді қашып-пысып, түкпір-түкпірде тығылып өткізіп келген елде енді тек онлайн ескертумен ғана қаланың орталық аландарында митингі өткізуге рұқсат берген бұл заң Қазақстанның демократиялық дамуы жолындағы игі қадам екені анық.

Бірақ Қазақстан билігі не істесе де, қандай заң қабылдаса да, қарсы шығудың өзін «заңға» айналдырып алғандар да өз миссияларын орындап қалауда.

Таяуда құқыққорғаушы, Қазақстандағы Халықаралық Адам құқықтары мен заңдылықтарды сақтау бюросының директоры Евгений Жовтистің өзінің фейсбук парақшасында Саяси митингілер туралы заң жобасын сынаған пікірін көзім шалып қалды.

Иә, сонымен Евекең не дейді десенші?!

Ең алдымен менің күмәнімді оятқан мәселе – Жовтис мырзаның шетелдік сарапшылардың пікірлерін алдыға тартып, Қазақстанда шетелдіктер мен азаматтығы жоқтарға да митингіге шығуға рұқсат беру керек деген талабы.

«Единственное ограничение этого права может существовать в законе о политических партиях, касающегося участия в политических партиях, включая организуемые ими мероприятиях и в предвыборных кампаниях, где иностранцы принимать участие не могут. А так иностранец имеет право любое мирное собрание. Почему нет? Если он работает на каком-то предприятии и собирается выйти в знак протеста против своего руководства. И в профсоюзе имеет право состоять», – отметил Жовтис», – деп жазылған kaztag.kz сайтында.

Евгений Жовтис мырза өзі заңгер болғандықтан, біз де алдымен заңға жүгінейік. Әрине, Жовтис секілді өзге елдің, Ұлыбританияның заңына

емес, өзіміз өмір сүріп жатқан Қазақстанның Конституциясын қарайық. Атазаңымыздың 32-бабында: «Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы» деп, тайға таңба басқандай жазулы тұр екі тілде де. Конституцияны қайта қарап шығыңыз Жовтис мырза, «Қазақстан Республикасының азаматтары» деп тұр мұнда, «шетелдіктер мен азаматтығы жоқтар» деп тұрған жоқ.

Жыланның ізін көріп, інін білетін Евкеннің Конституцияның қай бабына қарай қисайып отырғанын да сезуге болады. Ол Конституцияның 12-бабы, 4-ші тармағындағы: «Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен

бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады», – дегенге жабысып отырған болуы керек шамасы. Анықтап қарасаңыз, бұнда да «Конституцияда, заңдарда өзгеше көзделмесе», – деп жазулы тұр, Евеке! Ал, Конституцияның 32-ші бабында не көзделгенін жоғарыда айтып өттік.

Ал Саяси митингіге шетелдіктер мен азаматтығы жоқтардың қатысу құқы жоқтығының заңдылығын заңгер мырзаға көзге шұқып көрсеттік. Енді бұның Қазақ мемлекетінің Тәуелсіздігіне төнер қатері де жеткілікті туралы да бірекі ауыз айта кетейік.

Шетелдіктерге митинг өткізуге рұқсат беретін болсақ, ертен, мысалы АҚШ-тың Үкіметтік емес ұйымдарына байланысты шетелдіктер көшеге шығуы мүмкін. Қытайлықтар жер сұрап, Ресейліктер солтүстікке көз алартып, шетелдіктердің мүддесін қорғаған митинг болса, не істейміз? Мемлекеттік органдар оларға жауап

беруге міндетті болады. Біздің елде митингіге шыққан азаматтарының мүддесін қорғаған Қытай, Ресей, Америка үкіметтері қысым көрсете бастаса, оларға жовтистер жауап бере ме?

Әрине, Евгений Жовтис өзін қаржыландырып отырған шетелдің жырын айтып отырғанын түсінеміз. Бірақ Халықаралық Адам құқы мен заңдылықтарды сақтау бюросы басшысына Қазақ Елінің де өз құқықтары мен заңдылықтары бар екенін ескертеміз. Яғни, қайдан қаржы алса, сол елдің, қай тілде сөйлесе сол тілдегі елдің мүддесін қорғағыш Жовтистерге еріп, жолда қалатын жағдайымыз жоқ.

Қазақстанда ішкі саяси және қоғамдық мәселелерді шешуге тек қазақстандықтар ғана құқылы болуы керек!

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық Кеңес мүшесі.
29 сәуір, 2020 жыл

ЕВГЕНИЙ ЖОВТИСТІҢ ТАЛАПТАРЫ КОНСТИТУЦИЯҒА ҚАЙШЫ

МИТИНГІЛЕРГЕ ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ АЛДЫМЕН ЕЛ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ



старды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заң жобасы бүгін Парламент қабырғасынан шықты. Шыға салысымен көптеген құқық қорғаушылар мен сарапшылар, мамандар тарапынан сынға ұшырауда. Бірден айта кетейін, осы заң жобасының бірқатар нормаларын сынап, пікірімді білдіріп келемін. Бұл туралы БАҚ бетінде айттым, жаздым, видео-аудио жазбаларым бар.

Бірақ та дәл осы қазіргі таңда Евгений Жовтис бастаған бір топ маман жаңа заң ішіндегі шетелдік және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстанда митингіге шыға алмайтынына байланысты норма Еуропаның және халықаралық ұйымдардың шарттарының, адам құқығы жөніндегі бөлімдеріне сәйкес келмейді деп мәлімдеп, бұл заңға бойкот жариялады.

Осыған қатысты мен принципті көзқарасымды білдіргім келеді. Бұдан бұрын, әуелі, осы заң жобасының қазіргі қолданыстағы Конституцияға сәйкес келетінін, ал Евгений Жовтистің талаптары осы Конституцияға қайшы

келетініне тоқталғанды жөн санадым. Біріншіден, Конституцияның 32-бабында митингілерге қатысты былай деп көрсетілген: «Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы». Бұдан түсінетініміз, бұл жерде альтернатива болатындай норма жоқ. Қазақстан Республикасының азаматтарына ғана берілген айырықша прерогативті құқық екенін ескерткен абзал. Бұл бір.

Екіншіден, кез-келген елде халықаралық шарттардан бөлек өзінің ұлттық заңнамасы болады және оның белгілі бір ерекшеліктері болатыны жасырын емес.

Оған нақты мысал келтірсем, бірнеше жыл көлемінде екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісті сыйлау қылып, Ресейдің «Ночные волки» деген байкерлер қоғамы Жеңісті Берлинге барып тойлаймыз деген мақсатпен бірнеше рет елдің аумағынан автобуспен немесе өздерінің мотоциклдерімен

шерулер ұйымдастыруда. Бірақ Еуропа одағына кіре алмауда. Себебі, Польшадан бастап оларды әрі қарай өткізуге тыйым салып тастап жатыр. Ал Евгений Жовтис айтқан халықаралық адам құқықтары жөніндегі нормаларға сәйкес, оларда азаматтығы жоқ немесе шетелдік азаматтың шеруге шығуына рұқсат етілген. Дегенмен, дәл осы жағдайда «Ночные волки» байкерлерінің көтеріп жүрген ұраны, ол – сталинизмді, кеңес үкіметін, сондай-ақ орыс ұлтшылдығын насихаттау. Бұл Еуропа елдерінің ұстанымына қарама-қайшы келетіндіктен, бейбіт шеру өткізбек түгілі, өз аумақтарына жолатпауда. Осыған байланысты Ресейдің Сыртқы істер министрлігінен бастап әртүрлі деңгейдегі басшылары, саясаткерлері негатив пікірлерін жеткізуде.

Тағы бір мысал, 1991 жылы Орал қаласында жергілікті казактар мен сырттан, Ресейдің көптеген облыстарынан, сонау Санкт-Петербург пен шекарадағы бес аймағынан казачество өкілдері келіп, Орал казачествосының Ресей импери-

ясына қызметінің 300 жылдығын тойлауға ниет етті. Бұл жерде үлкен халықаралық жанжалдың алды алынды. Әрине, қақтығыстар болды. Жергілікті қазақ халқы, сол кездегі «Азат» партиясы өте белсенді әрекет етті, аштық жариялады. Ең бастысы – ұлтаралық жанжалдың беті қайтарылды.

Аталмыш оқиғалардан түйер сабағымыз, бұл заң нормасы өзгеріске ұшырап, шетел азаматтарына да, азаматтығы жоқ адамдарға да митингіге шығуға рұқсат беріп қоятын болсақ, сондай жағдайлардың қайталанбасына кім кепіл бола алады?!

Сондықтан мен заңгер, қоғамның белсенді өкілі ретінде дәл осы норманы қолдауға шақырамын. Өйткені, бұл заң жобасы Парламент қабырғасынан шыққанымен, Президент Әкімшілігіне жолданып, Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейін белгілі бір уақыттан кейін барып күшіне енеді. Қажетті қағиданы сақтап қалуға атсалысайық, ағайын!

Абзал ҚҰСПАН

ЗАҢ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРЛІК ЕРЕЖЕСІ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ КЕРЕК ЕТПЕЙ- АҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ЗАҢДАРЫН ТАЛҚЫЛАҒЫСЫ КЕЛЕТІН «ЗАҢҒЕРЛЕР» ТОЛЫП ЖАТЫР

Мемлекеттік тілді керек етпей-ақ мемлекеттің заңдарын талқылағысы келетін «заңгерлер» толып жатыр.

Өткен бір жылда, «Тілдерді дамыту...» басқармасынан қоңырау соқты, «...Келіңізші, мына жерде сұмдық айқай болып кетті...» деп. «Тіл туралы» заңның бұзылуымен арыз-шағым түскен соң, бара қойған Тіл басқармасы қызметкерінің өзін сол заң бұзған жердің заңгері бір шыбықпен айдап, «қораға» кіргізбекші болып, қыспаққа алып жатыр екен.

«Да ая! Юрист-международник!» деп, қақырау әлгі. Мен айтпадым да, «Да ты будь хоть межпланетным юристом...»... Мемлекеттің тілін, Конституцияны, сондай-ақ жергілікті заңдарды, бір же-

рі опырылып кетсе де, біліп, бағынуы керектігін жеткіздім. Сөйтіп, алысқа ұшып кеткен байғұс «халықаралықты» әрең дегенде «иманын» келтіріп, жерге қондырдық. Үміне, қазіргі кездегі біздің деңгейіміз де осы.

Тағы бір Жовтис деген «халықаралық» заңгер мемлекеттік тілді білмей-ақ, мемлекеттің заңдарына тұмсығын сұғып, шетелдіктердің мүддесін қорғағысы келеді. Аспандап жүрген оны да жерге қағып түсірген ақын Қазыбек Иса болды.

Тәуелсіздігімізге 30 жыл болып қалғанымен, біздегі заңдар, әлі де өзге тілде ұсынылып, талқыланып, мөрі басылып жарыққа шығып келеді. Сондай-ақ, Мемлекеттік тілді керек етпей тұрып, мемлекеттің заңдарын

талқылап жүрген заңгерлеріміз де толып жатыр. Шеттерінен жоғары дәрежелі мықты заңгерлер деп қоямыз оларды. Тіпті, оларды пір санап, табынатын құлдық саналылар да жетеді... Қайсы бірін айта бересің. Әлгі мемлекеттің тіліне сауаты жетпейтін заңгерлер газет, сайт беттерінде, теледидардан болсын, шіреніп алып өзге тілде заңдатады да отырады. Сонда біздің, «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздар жүргізу тілі» дегеніміз қайда? Қашанға дейін бізде осылай заңсыздық бола береді?

Тәуелсіздікке бізбен қатар ие болған, көршілес Қырғызстан,



Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде, заңдары өз мемлекеттік тілдерінде қабылданады екен.

Заң, ол халықтың өмірлік ережесі дейміз тағы. Олай болса, неге, мемлекеттің тілін, Ұлттың тілін білмейтіндер, халықтың жанын сезбейтіндер біздің «ереженізді», бейлайша айтқанда, жері-тұрысымызды талқылаулары керек?!?

Заң алдымен сол ұлттың тілінде, мемлекеттік тілде талқыланып, шығарылуы керек қой. Термин жоқ, маман жоқ, тағы бірдеңе жоқ деген әңгімелерді ұялмай айтып келе жатқанымызға да 30 жыл болды.

Енді, Ұят, Ар, Намыс дегендердің бар екенін дәлелдейтін кез жетті ғой біздің билікке.

Негізі, заңгер болған соң, міндетті түрде мемлекеттің тілін білуің керек! Бірақ, ондай қайдан болсын?! Тіл қақпайтын қалаулыларымыз да отыр ғой. Енді қайтеміз?

Осындай жағдайға жеткізіп отырған тағы өзіміз. Дәлірек айтсақ, жоғары мәртебелілердің өздері. Мемлекет болып Мемлекеттің тіліне құрмет жасай алмай отырып, «Заң! Заң!» деп Ресей тілінде сарнап келеміз!..

Жасұлан ИСА, заңгер

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚАЗЕТТІЛІК ЖОҚ БОЛЫП ТҮР ШЕНДІЛЕР ТІЛІН ШАЙНАЙДЫ, ҚАЙНАЙДЫ ҚАНЫҢ ҚАЙНАЙДЫ...

Біз жылдар бойы мемлекеттің көлемді қаржысына мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйретіп, оқытып келдік. Жалпы сау ақылға сымайтын дүние болса да, қазақы кеңшілігімізге әлде қорқақтығымызға (батырлық өтті) басып солай істедік. Жарнамаң, анауың-мынауың қазақ тілінде қате екен деп әркімнің есігін жағаладық. Түзетсең қайтеді деп жалынғандай құй кештік. Бірақ, тіл үйрету курсына бұлдануың барып, сызданып сұрақ қойып, сығылып кеткендер көп болды. Кейбіреуі, керек еді маған қазақ тілі деп шалқайды. Үйренуге ниет танытқандар тым аз болды. Себебі, ҚАЗЖЕТТІЛІК болмады. Қазақ мемлекетінде қазақ

тіліне қажеттілік жоқ болып тұр. Бұл қасіретті шындық. Халық сабырмен сұрады, талап етті. Сан түрлі іс-шара өткізді, айтты, тіресті, күресті сонда да ала алмады үлесті. Өйткені, барлық қызмет саласында қазақ тіліне ешқандай қажеттілік жоқ. Тіпті, мекемелер үшін қазақ тілі қанжығада сүйретіліп, ат үркітер артық заттай сезіле бастады.

Өзге ұлт өкілімен жиналыста қатар отырып 100% өзгенің тілінде ақпарат алуға мәжбүр етті. Ол паң, біз аң-таң. Бұл қорлықты екі иығың түсіп көтеріп отыруың керек. Тәртіп солай. Жиындығы 80% қазақ жат тілін толық түсіне ме, онда ешкімнің шаруасы жоқ. Ең бастысы ана 20% түсінсе болды. Ал-

да-жалда «бір тентек» шығып «әу, халайық, мен де түсінгім келеді, біз өзі қай мемлекетте отырмыз десе» әр жерден жылт-жылт етіп жанып-өшіп дұрыс деген үмітті көздер мен тіліңді кесіп алардай одырайып, жұтып қоярдай жексұрын немесе «енді былай ғой» деп түлкі бұлаңға салатын жылмақай көздер саған ентелей қарап, соңғы екеуі талап жай салады. Бұл не сонда? Халықты алаша ма? Әлде Қазақстан бар болғаны бәріміздің «ортақ үйіміз» бе? Мемлекет емес, жай ғана үй. Үй болғанда әркім келіп ойына келгенін істей беретін, айта беретін, есігі жоқ бесігі көп «ортақ үй». Ауыр сөз. Бірақ солай боп тұр. Үйдің иесі шаңырағына ие болайын деп басын

көтерсе көтерінінен қағып түсіреді. Өйткені, бұл ортақ үй.

Сарыарқаның төрінде сары суын (пиво) сапыратын зауыттың сары қызы «қазақ тілінде шлабра, трякпамен сөйлесіңдер» деп соқталдай жігіттерді сызып өтті. Селт еттік де қоя салдық. Кеңдік пе, кемдік пе? Сотқа берді. Сотта да сары қыздың сағы сынбады. Сызданып тұрып кешір деді? Кешіре салдық. Қазақтың тілін қорлау одан кейін тоқтаса кәне. Үдей түсті. Ал күйінген талай қазақтың тілін буып, өшіре салдық. Ашуға булығып, атқа мінді. Сабады, қамады. Не істемеді? Сәлделі мен сақалдылар сабыр теуден танбады. Көндік. Сөзге тоқтадық. Өшкен отты жоқтадық

та қойдық. Бірақ үміт оты бәрібір жанбады. Баяғы жартас, сол жартас. Жаңғырық жүр қаңғырып. Әркімдер жүр тілімізге саңғырып.

Шенділер тілін шайнайды, қайнайды қаның қайнайды. Жүзіміз қашан жайнайды. Шырмауға алып шындықты, үлгі қылдық құлдықты. Мәсемен күреспей, адамдармен күрестік. Енді не істейміз деп күлтөбенің басында күнде жиын өткіздік. Ақылдасқандай, халық пен билік жақындасқандай болдық. Не пайда, ҚАЗЖЕТТІЛІК жасай алмадық. Анығы жасағысы келмей отыр. Иә, дұрыс түсіндіңіз. Дәл солар. Кім өзіне ор қазсын.

Ержан ӘДІЛ

АНА ТІЛІМІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ҮШ ТАЛАП

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбекке

1. Қаламызда мемлекеттік тілдің қолданылу аясы өте нашар.

Кез-келген мемлекеттік және жеке меншік мекемелерде іс қағаздары мен жалпы жұмыс үдерісін басқаруда, тұрғындарға қызмет көрсетуде орыс тілі үстемдік етеді. Қазақ тілінде қойылған сұрағтан барлық уақытта қанағатнарылық жауап ала алмайсыз. Оның орнына «адамша айтқанды түсінбейсіз ба», «орыс тілін ешкім алып тастаған жоқ», «қазақ тілін білуге міндетті емеспін» деп қарсы сөйлеген адамдардың айқайлаған дауысын, ашу шақырған мінезін көтеруге тура келеді. Бұл үрдіс жалғаса берсе стихиялы түрде жинақталған наразылық бір күні жергілікті халықтың ашық наразылығына ұласады. Біз елеуге тырысқанда бұл болатын табиғи жағдай.

Сондықтан сіз өзіңіз бас

болып әкімшілік, әлеуметтік мекемелер, жеке кәсіп пен ауыр өнеркәсіп салаларының халықпен тікелей жұмыс жасайтын барлық басшылары мен қызметкерлеріне мемлекеттік тілді білу және оны жұмыс барысында нақтылы қолдану талабын қоюыңыз керек. Бұл тіл төңірегіндегі көптеген шиеленістердің алдын алатын жалғыз жол және уақыт талабы.

2. Шағын балабақшаларда мемлекеттік тілдегі топтар жоқ. Соның кесірінен балалардың тілі орысша шығып, арықарай орыс мектебіне, оқу орындарының орыс тілді топтарына оқуға түсетін жастардың арасында тілдік деградация айқын көріне бастады.

Сол себепті, балабақшаларда қазақ тілді топтардың жеке болуын міндеттесіңіз.

3. Қаламыздағы аралас мектептерді жойып таза қазақ тілді мектептердің қалыптасуын қолға алсаңыз.

Аралас мектептерде отар-

шыл ұлттың тілі мен рухы үстемдік құруы себепті, біздің мыңдаған жастарымыз ана тілімізді жатсынып жатыр. Қазақ тілділердің өзі сауатты жазып, қазақы бояумен таза сөйлеуден қалып барады. Бұл тілден айырылудың басты белгісі.

Қаншама жоғарғы шенділер биік мінберлерден ана тіліміздің мәртебесін аяққа таптап, өзін және қазақ елін мазақ етіп қор қылды. Басқа жұрт «сол тілдерінде әуелі өздерің сөйлеп алындар» деп бетімізге басатын болды. Осынша дейгейде қорлыққа түсуге, ең заманы соны ұялмай көтеріп шалқайып жүруге бола ма?

ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ, ҰЛТТЫҢ ӨЗЕГІ.

ТІЛДІ ҚОРЛАУ – ҰЛТТЫ ҚОРЛАУ.

ТІЛДІ ҚОРҒАУ – ҰЛТТЫ ҚОРҒАУ.

Ержан ӘДІЛ

Жеңіс Қасымбек: МЕН ҮШІН ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ БАСЫМДЫҚТЫҢ БІРІ



Жеңіс Қасымбек.

Құрметті Жеңіс Қасымбек мырза! Мемлекеттік тіл туралы «Қазақ үні» сайтында жарияланған Ержан Әділ мақаласына дер кезінде көңіл аударып, үн қатқаныңызға рахмет! Өйткені, Қарағанды облысы, әсіресе облыс орталығы талай жылдан бері Мемлекеттік тіл туралы заңды төріне шығара алмай келе жатқан қала! «Қазақ үні» газеті мен сайтында бұл туралы біз жиі көтеріп келеміз. Анау жылдары Қарағандыда қазақ тілінде бір бөлкенан сұрап ала алмаған жігіт туралы мақаланың үлкен резонанс тудырған болатын. Өзіңіздің өңірдегі аса маңызды тіл мәселесіне баса назар аударып отырғаныңызға ризашылық білдіреміз.

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек «Қазақ үні» сайтында жарияланған «Ана тілімізге қатысты үш талап» атты мақалаға байланысты жауап берді.

– Құрметті Қазыбек Иса! Мен Ержан Әділдің бұл жазбасын оқыдым, таңертен автордың өзімен де сөйлестім. Мәселе өте өзекті. Қазақ тілін дамыту жұмысыңыз үшін рахмет. Біздің өңірде қазақ мектептері мен балабақшалары көптеп ашылуға, олардың саны өсуде. Дегенмен, одан да зор күш есалу керек екенін түсінеміз. Біздің де балаларымыз өсіп келеді, сондықтан ана тілі – болашағымыз. Мен үшін бұл мәселе жұмыстағы ажырамас әрі маңызды басымдықтардың бірі болып қала береді, – деп жазды



COVID-19 не только заражает и убивает людей, но и разрушает экономики многих стран, особенно тех, где введены жесткие условия карантина. В такой ситуации через определенное время богатые страны, корпорации, банки, фирмы станут еще богаче, а бедные – еще беднее. Богаче, если быстро ориентируются в «вирусных» условиях и в «мутной воде будут ловить рыбу». «Делатели денег» во все времена всегда были рады любым кризисам, чтобы из них извлечь свою выгоду.

Какой должна быть мобилизационная экономика?

Правительства многих стран сейчас тратят баснословные деньги из кубышек, чтобы выжить в карантине. А у кого нет денег – у них подешевеют активы, и их скупят «акулы» бизнеса.

Недавно появилась ожидаемая новость: китайские фирмы готовятся к сделкам со скидками в Европе, где пандемия коронавируса заставила компании бороться за наличные деньги, чтобы остаться в бизнесе (China's Corporates Are Gearing Up in Europe for M&A Bargains. <https://www.bloomberg.com/news/articles/2020-04-07/china-s-corporates-are-gearing-up-in-europe-for-m-a-bargains>).

Банкиры недавно увидели всплеск запросов со стороны китайских фирм и фондов для предложений по предприятиям в Европе. Люди, которые сообщили об этом, просили не называть их имена, потому что обсуждения являются закрытыми. По их словам, многие из потенциальных покупателей являются китайскими госпредприятиями. Предварительные переговоры начались после того, как оценки котирующихся компаний упали вместе с индексом MSCI Europe, который отслеживает динамику развития континента. Индекс упал на 23% в этом году, и он худший со времени мирового финансового кризиса.

В Европе отрасли от авиакомпании и отельеров до футбольных лиг ищут финансовую помощь, поскольку остановка бизнеса, вызванная пандемией, приводит к проблемам с денежной потоками. Люди в тревоге ожидают потенциальных покупателей, включая китайские фирмы. В то же время, по их словам, местных банкиров попросили помочь в защите от потенциальных поглощений.

Мы находимся в условиях «биологической войны», притом эта «война» со многими неизвестными. Ведь закрытие границ диктует новые условия выживания – каждая страна надеется только на себя, производство, на свои ресурсы и кадры.

Даже развитые страны ощутили большую зависимость от китайских поставок комплектующих изделий, сырья, готовой продукции, финансов и т.д.

Сейчас «полувойна» положение, которое требует соответствующего отношения к экономике и после выхода из режима ЧП. Например, в начале Отечественной войны СССР смог быстро поставить свою экономику на военные рельсы.

В РК надо быстро переориентировать экономику, сельское хозяйство, науку, медицину и т.д.: вместо продажи сырья – открывать повсеместные производства разного направления, в кратчайшие сроки мобилизовать все силы для производства самых востребованных товаров от ниток, тканей до тракторов.

В «вирусное» время необходимо уделять внимание сельскому хозяйству, чтобы обеспечить продовольственную безопасность. В этом плане пригодился бы советский опыт с его колхозами и совхозами: важные его механизмы и рычаги можно использовать и ныне, в частности сейчас стали работать по кооперации сельскохозяйственных производителей.

